

Кіріспе мазмұны.**Құрылтай құжаттары:**

Мемлекеттік тіркеу куәлігі: Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі, Түркістан облысы әділет департаменті, Ордабасы ауданаралық әділет басқармасының 2021 жылдың 22 қаңтар күнгі Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеуі жүргізілді. БСН-010840001682

Мектеп жарғысы:

Лицензиялар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының «Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2019 жылдың 28 тамыз күні **№KZ 43LA**

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Бәйдібек ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне лицензия берілді.

МАД хабарламасы:

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының «Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылығандығы туралы хабарламасы.

Медкабинет лицензиясы:

Түркістан облысы Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Бәйдібек аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның 2019 ж. 30 шілде күнгі №01111615DX лицензиясы берілді.

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер.

Мекеменің толық атауы: Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының Бәйдібек аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Білім беру ұйымының орналасқан мекен жайы. Индекс.160212

Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Алғабас ауылдық округі, Таңатар ауылы, Жузтай Қауымбаев көшесі №45. БСН:010840001682

Заңды тұлғаның байланыс деректері: 8(725-48)-2-17-34

Электронды почтасы: t.kazakbaev@mail.ru

Сайт: <http://kazakbaev-baidybek.mektebi.kz/>

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Мыктыбекова Айнур Саменбековна, Бәйдібек аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2022 жылғы

08 желтоқсандағы №260 бұйрығымен «Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне барлық қаржылық және басқа да құжаттарға бірінші қол қою құқығымен директор лауазымына бекітілген. Педагогикалық еңбек өтілі 29 жыл.

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Заңдытұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы «Түркістан облысының әділет департаменті Ордабасы ауданаралық әділет басқарамасынан» 2021 жылдың 22 қаңтар күні берілген.

Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні: 23 қаңтар 2012 жыл.

БСН-010840001682

Кәсіпорынның қатысушысы: «Түркістан облысы әкімдігі» мемлекеттік мекемесі.

Кәсіпорынның уәкілетті органы: Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту дамыту бөлімі болып табылады.

Білім беру ұйымының жарғысы: «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Түркістан облысының әділет департаменті Ордабасы ауданаралық әділет басқармасы» Республикалық мемлекеттік мекемесі. **БСН:** 0108400001682 № 1006-1959-03-ММ. 2021 ж. 22. қаңтар

Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).

Білім беруге құқық беретін мемлекеттік лицензиясы Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінен Бәйдібек ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне берілген. Мемлекеттік лицензияға қосымша – бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру қызмет түрлерінің кіші түрлеріне

Алғашқы берілген күні: 2012 жыл 23 қаңтар №0159641

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Түркістан облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы жіберілгені хабарламаны кіріс номері: № KZ73RVK00046024 23.01.2023 жылы берілген.

«Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебі» КММ-нің 2022-2023 оқу жылындағы педагогикалық қызметкерлерге талдау

«Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебі» КММ-нің 2022-2023 оқу жылында жалпы 58 педагог жұмыс істейді.

Оның ішінде:

Жынысы бойынша:

Ер- 15

Әйел-43

Біліктілік санаттары бойынша:

Педагог-шебер-1

Педагог-зерттеуші-11

Педагог-сарапшы-15

Педагог-модератор-14

Санатсыз-17

Бірінші санатты басшы орынбасары-0

Екінші санатты басшы орынбасары-0

Үшінші санатты басшы орынбасары-3

Санаты жоқ басшы орынбасар-1

Жас ерекшеліктері бойынша:

20-30 жас аралығында-6

31-40 жас аралығында-17

41-50 жас аралығында-30

51-60 жас аралығында-5

60 жастан жоғары-0

Еңбек өтілі бойынша:

0-3 жыл аралығында-3

3-10 жыл аралығында-16

10-20 жыл аралығында-15

20 жылдан жоғары-24

Білім категориясы курстардан өтуі бойынша

2020-2021 оқу жылында 22 мұғалім

2021-2022 оқу жылында 24 мұғалім

2022-2023 оқу жылында 17 мұғалім өз білімін жетілдірді

Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының аттесттаудан өтуі туралы ақпарат.

№	Аты-жөні	Лауазымдық еңбек өтілі	Лауазымы	Өткен жылы	Деңгейі
1	Мыктыбекова Айнур Саменбековна	6 ай	Директор	-	-
2	Бакиров Кайсар Осербаевич	5 жыл	ДОІЖО	2021	3-деңгей
3	Бекмұратова Күлшат Кеңсебекқызы	5 жыл	ДОІЖО	2021	3-деңгей
4	Кратова Фируза Нургалиевна	5 жыл	ДЫЖО	2021	3-деңгей
5	Кумабеков Мурат Тулегенович	10 жыл	ДТІЖО	-	-

Мектеп тарихы

Мыңбұлақ елді мекенінде (қазіргі Таңатар ауылы) 1954 жылы Тұрмыс бастауыш мектебі құрылып, онда Тұрдалиев Үсіп, Ахметов Тойшы, Қауымбаев Жүзтай, Рахманбердиев Әуесхан еңбек етті.

1954 жылдан 1971 жылға дейін бастауыш мектебі болып тұрды.

1971 жылы Тұрмыс бастауыш мектебі Тұрмыс-2 сегіз жылдық мектебі болып құрылды.

1971-1980 жылдар аралығында мектепке Оспанова Кенжегүл басшылық жасады.

1980 жылы қыркүйек айында мектеп директоры болып Сүлейменов Нариман тағайындалды.

1982 жылы Байзақов Ерқуат мектеп директоры болып қызмет атқарды. Байзақов Ерқуат- аудандық партия комитетіне жұмысқа ауысуына байланысты,

1984 жылы мектепке аудандық білім бөлімінің әдіскері Рысқұлбек Тоққожаев мектеп директоры болып тағайындалды.

1991 жылы мектепте бала санының өсуіне байланысты, Тұрмыс-2 сегіз жылдық мектебі Тұрмыс-2 орта мектебі болып құрылды.

Ауыл тұрғындарының өтінішін қолдай отырып, Қазақстан Республикасы ономостикалық орталығы, 2000 жылдың сәуір айының 7 күні Қ. Р. Үкіметінің № 523 қаулысымен «Тұрмыс-2» орта мектебіне Т. Қазақбаев есімін берілді.

1991 жылдан 2015 жылдың мамыр айына дейін Тұрлыбеков Өркен мектеп директоры болып қызмет атқарды.

2000 -2001 оқу жылынан бастап мектеп компьютерленді. 2003 жылдың ақпан айынан бастап интернет жүйесіне қосылды.

2007жылы қазан айында екі қабаттан тұратын жеке кәсіпкер Қазақбаева Гүлдананың жеке қаржысына салынған 198 орындық жаңа мектеп құрылысы аяқталып пайдалануға берілді. Мектепте 18 сынып бөлмесі бар, 11 оқу кабинеті жұмыс істеді.

2015жылдың мамыр айында аудандық білім бөлімінің әдіскері Айтбеков Абзал директордың міндетін атқарушы болып тағайындалды.

2015 жылдың қазан айында директордың міндетін атқарушысы болып, оқу ісінің меңгеруші болып қызмет атқарған Қынатбеков Бақытжан тағайындалды.

Мектепте жаңа оқу жылының басында, мектеп басшысының іскерлігінің арқасында шешімін таппай тұрған жұмыстар атқарылды.

2016 жылдың ақпан айынан тамыз айына дейін Ауельбекова Айнұр мектеп директоры болып тағайындалып, басқарды.

2016 жылдың тамыз айынан бастап Бекбаева Эльвира Ділдабекқызы мектеп директоры болып тағайындалды.

2018 жылдың ақпан айынан бастап Қынатбеков Бақытжан Әбілхайырұлы мектеп директоры болып тағайындалды.

2022 жылдың желтоқсан айынан бастап Мыктыбекова Айнұр Саменбековна тағайындалды.

I Бөлім. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

1. Рұқсат етуші құжаттар

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Бәйдібек ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесіне жолдаған «Қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы № KZ55LAA00025401 хабарламасы 11 наурыз 2021жыл»

1. Тәрбиеленушілер контингенті

2023 жылдың 31мамырдағы жай-күйі бойынша мектепалды даярлық сыныптарында (бұдан әрі – МДС) немесе нөлдік сыныптарда білім алушылар контингенті 1 қатар сыныптарда 14 баланы құрады. «Т.Қазақбаев атындағы

жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің контингентінде есепке алынды. Бірінші ауысымда 14 бала тәрбиеленуде.

А) Жасына байланысты, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер контингенті туралы мәлімет

2020-2021 оқу жылында 21 бала қабылданды, 5 жас – 15 бала, 6 жас – 6 бала.

2021-2022 оқу жылында 12 бала қабылданды, 5 жас – 6 бала, 6 жас – 6 бала.

2022-2023 оқу жылында 14 бала қабылданды. 5 жас – 8 бала, 6 жас – 6 бала.

Барлық балалар МАД сыныбына жіберілген кезде медициналық тексеру комиссиясының ұсынысы бойынша қабылданды.

Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдардың 3-қосымшаға сәйкес бағаланатын кезеңдегі тәрбиеленушілер контингентінің тізілімі қоса беріледі.

Оның ішінде

Оқу жылы	Жалпы тәрбиеленуші саны	Оның ішінде		
		5 жасар	6 жасар	Ерекше білім беру қажеттілігі бары
2020-2021	21	15	6	-
2021-2022	12	6	6	-
2022-2023	14	8	6	-

Ә) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ескере отырып жас топтарының толықтығы туралы мәлімет

Оқу жылы	Жалпы топ саны	Топтардағы бала саны (толықтылығы)	Оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар бала саны
2020-2021	-	-	-
2021-2022	-	-	-
2022-2023	-	-	-

Б) білім алушылар қозғалысы туралы мәлімет

Оқу жылы	Жалпы тәрбиеленуші саны	Оның ішінде		
		келгені	кеткені	1 сыныпқа ауысқаны
2020-2021	21	-	6	15
2021-2022	12	-	-	12
2022-2023	14	-	-	14

Ескерту: 2022-2023 оқу жылына бір оқушы 1 сыныпқа үйде оқыту бойынша қосылып 13 оқушыны құрады.

Г) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптардың сақталуы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарынның» 1-қосымшасының 25-тармағына сәйкес жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады: мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.

Ғ) 1-сыныпқа тәрбиеленуші қабылданғанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдерінің сақталуы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарынның» 1-қосымшасының 26-тармағына сәйкес үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 1 жыл.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жалпы білім беретін мектептердің мектепалды даярлық сыныптарында оқу - тәрбиелеу процесі 1 қыркүйектен бастап 25 мамырға дейін жүзеге асырылады (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының мазмұнын меңгеру кезеңі).

2. Оқу әдістемелік жұмыс

А) жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке

дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі

«Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту қызметін жүзеге асырады;

2020-2021 оқу жылында білім беру процесі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартына» /31қазан 2018 жылғы № 604 бұйрығы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына /ҚРБҒМ 20.12.2012 жылғы №557 бұйрығының және 15.05.2020 жылдың №195 бұйрығының 1- қосымшасы, «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары»/ 30.10.2018 жылғы №595 бұйрығы және 12.08.2016 жылғы № 499 бұйрығына, "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Коронавирус инфекциясының таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде білім беру ұйымында оқу процесін жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығының 1-қосымшасы, Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 қазандағы №557 бұйрығының 1-қосымшасына сүйене оқу жоспары дайындалды.

2020-2021 оқу жылда екі сынып - жиынтықта "Денсаулық" білім беру саласы бойынша жылдық оқу жүктемесінің көлемі 198 сағатты (аптасына – 3 сағат), " Қатынас " - 330 сағатты (аптасына – 5 сағат), "Таным" -165 сағатты (аптасына – 2,5 сағат), "Шығармашылық" – 660 сағатты (аптасына – 5 сағат), "Әлеумет" –99 сағатты құрады (аптасына – 1,5 сағат). Инвариантты компонент бойынша оқу жүктемесі барлығы - 1122 сағатты құрады (аптасына – 17 сағат). Вариатив – 198 сағат (аптасына – 3 сағат). Барлығы – 1320 сағат (аптасына – 20 сағат).

2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы және 2021-2022 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің мектепке дейінгі ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 2018 жылы 30 қазандағы №595, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым

министрлігінің 2016 жыл 12-тамыздағы №499 бұйрығын және «Қазақстан Республикасында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Денсаулық министрінің "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығын басшылыққа ала отырып оқу жоспары жасалынды.

2021-2022 оқу жылындабір сынып - жиынтықта "Денсаулық" білім беру саласы бойынша жылдық оқу жүктемесінің көлемі 99 сағатты (аптасына – 3 сағат), "Қатынас" – 165 сағатты (аптасына – 5 сағат), "Таным" – 82,5 сағатты (аптасына – 2,5 сағат), "Шығармашылық" – 165 сағатты (аптасына – 5 сағат), "Әлеумет" – 49,5 сағатты құрады (аптасына – 1,5 сағат). Инвариантты компонент бойынша оқу жүктемесі барлығы - 561 сағатты құрады (аптасына – 17 сағат). Вариатив – 99 сағат (аптасына – 3 сағат). Барлығы – 660 (аптасына – 20 сағат).

2022-2023 оқу жылындаҚазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығын (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді), "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығын (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 12 қыркүйекте № 29509 болып тіркелді), "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығын (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 17 қазанда № 30183 болып тіркелді), "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығын басшылыққа ала отырып оқу жоспары жасалынды.

2022-2023 оқу жылында- жиынтықта "Денсаулық" білім беру саласы бойынша жылдық оқу жүктемесінің көлемі 105 сағатты (аптасына – 3 сағат), "Қатынас" – 315 сағатты (аптасына – 9 сағат), "Таным" – 105 сағатты (аптасына

– 3 сағат), "Шығармашылық" – 105 сағатты (аптасына – 3сағат), "Әлеумет" - 70 сағатты құрады (аптасына – 2 сағат). Инвариантты компонент бойынша оқу жүктемесі барлығы -700 сағатты құрады (аптасына – 20 сағат). *Оқу жылдарына әзірленген және бекітілген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі.*

Ә) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асырылуы

МДС-та "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына сәйкес әзірленген оқу бағдарламалары іске асырылады.

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны:

-оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге;

-денсаулық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды мектепалды даярлық жасындағы балаларда қалыптастыруға;

-тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;

-мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;

-мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;

-тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау;

-креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;

Оқу үрдісі мыналарға сәйкес жүзеге асырылады;

-өтпелі тақырыптарға негізделген перспективалық жоспар;

-циклограмма;

-оқушылардың жетістіктерін бақылау (бастапқы, аралық, қорытынды);

-күнтізбелік тақырыптық жоспарды тәрбиешілер бір оқу жылына арналған өтпелі тақырыптар негізінде жасайды.

-күнтізбелік тақырыптық жоспарды перспективалық жоспармен ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттің тақырыптары анықталады.

-перспективалық жоспарда балалардың жас еркешелігін ескере отырып, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту жөніндегі оқу міндеттерін міндетті түрде орындау қарастырылған.

Ұйымдастырылған оқу іс әрекеті күнтізбелік тақырыптық жоспарлауға және Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын күнтізбелік тақырыптық жоспар мектепалды тәрбиешілеріне оқу іс-әрекетін жүйелі және дәйекті ұйымдастыруға мүмкіндік беретін тоқсандық түпкілікті жоспарлау енгізілген (бағаланатын кезеңге күнтізбелік тақырыптық жоспарлардың көшірмелері қоса беріледі)

Оқу-тәрбие процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында педагогтар перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма жасайды.

Циклограмма балаларды қабылдауды, ұйымдастырылған іс шараларын өткізуден және балаларды үйден шығарудан бастап барлық режимдік процестердің орындалуын қамтамасыз ететін әрбір аптаға перспективалық жоспарға сәйкес жасалады.

Циклограмма-бұл балалармен алдағы табысты жұмыстың мазмұнын, нысандарын әдістері мен тәсілдерін, жұмыс уақытын пайдалану бойынша нақты орындалады. (есептік кезіңге циклограммалардың көшірмелері қоса беріледі)

Циклограмманың құрлымы күн тәртібіне сәйкес құрастырылады. (есептік кезіңге күн тәртібінің көшірмелері қоса беріледі)

Жоспарға қойылатын талаптар:

- Перспективалық жоспарға сәйкес ОӘБ тақырыбын анықтау.
- Бағдарламалық материалда жүйелік пен принципті сақтау;
- Бағдарламаның мазмұнына сәйкес балалардың сапалы және толыққанды дамуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету:
- балаларды тәрбиелеу мен оқытудың инновациялық технологияларын, әдістері мен тәсілдерін қолдану.
- циклограмманың құрылымдық бөліктерін сапалы жоспарлау үшін пәндік дамытушы ортаны қалыптастыру.

Бағаланатын кезең үшін ұйымдастырылған оқу қызметінің бөлінгенін растайтын құжаттардың көшірмелері, оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестелері қоса беріледі.

Б) тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптардың сақталуы

Апталық оқу жүктемесі типтік оқу жоспарымен анықталған оқу жұмысының барлық түрлерін қамтиды (инвариантты және вариативті компоненттер).

МАД топтарында сабақтың ұзақтығы 25 – 30 минутты, олардың арасындағы үзіліс 10 минутты құрайды. Бұл уақытта ашық ауада ойындар ұйымдастырылады.

МДС-тағы тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес белгіленген.

Мектепалды даярлық сыныптарындағы апталық оқу жүктемесінің көлемі

Оқу жылдары	Сыныптар / жиынтық сыныптар	Мектепалды даярлық сыныптары			
		Апталық оқу жүктемесінің ең көп мөлшері Ең көп апталық оқу жүктемесінің көлемі	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариативті оқу жүктемесі	Жылдық оқу жүктемесі (барлығы/инвариантты//вариативті)
2020/ 2021	0сыныптар 2	20/40	17/34	3/6	1122/198
2021/ 2022	0сыныптар 1	20	17	3	561/99
2022/ 2023	0сыныптар1	20	20	-	700

3. Оқу-материалдық активтер

А) ғимараттар туралы мәліметтер

«Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мектепалды даярлық тобына арналған 30,8 М²

1 сынып бөлмесі бар.

Ә) жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат

Сынып бөлмелерінде 9 дана парта, 18 дана орындығымен, қабырғаға ілінген тақта және жылжымалы маркерлі магнитті тақтамен, 1 дана ойыншық жинайтын шкаф, 1 дана киім ілетін шкафтармен қамтылған. Кабинеттерде балалардың жас ерекшеліктеріне сай қабырға стендтері жасалған.

Конструкторлық ойыншықтар (құрастырмалы, алмалы-салмалы) және пазлдар т.б бар.

Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры. Оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәлімет

Мектепте роутер арқылы интернетпен қамтылған. Ноутбук және проектор бар.

Мектеп кітапханасында мектепалды дайындық топтарына 187 дана көркем әдебиет, 80 дана дәптерлер бар.

Әдістемелік құралдардың тізбесі

- 1.Өзін-өзі тану. Бала бақша тәрбиешілеріне арналған хрестоматия.А.Сейтақов, М.Нүсіпбекова, А.Сейлғазина.-Алматы,"Бөбек",2010ж.
- 2.Нүсіпбекова М. Валеология негіздері. Әдістемелік құралдар. 6-7жастағы мектепалды даярлық тобына арналған.-Алматы:Алматы-кітап, 2009ж.
- 3.Нүсіпбекова М. Қарлығаш бағдарламасы.-Астана:Арман-ПВ, 2009ж.
- 4.Нүсіпбекова М. Әдістемелік нұсқау. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін "Қарлығаш" оқу бағдарламасы. Астана:Арман-ПВ, 2010ж.

4. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

А) тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы) нәтижелерінің болуы және талдау

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасында мектепке дейінгі білім беруді дамытудың негізгі бағыттары айқындалған.

Осыған байланысты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының сапасын арттыру мақсатында мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер:

-Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) (бұдан әрі - Стандарт);

-Үлгілік оқу жоспарларына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 № 394 бұйрығы);

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022 № 422 бұйрығы) (бұдан әрі-Үлгілік бағдарлама) өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Осы нормативтік құқықтық актілерді ескере отырып, Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарының мазмұнына өзгерістер енгізілді. Мониторинг балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін және баламен жеке жұмыс жүргізуде педагогтің алдағы іс-әрекетін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты - Стандарт пен мектепке дейінгі білім беру талаптарына сәйкес балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау бойынша мониторинг жүргізудің бірыңғай тәсілін қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесінің жағдайын зерделеу, сондай-ақ даму динамикасын көрсету;
- мектепке дейінгі ұйымның ұсынатын қызметінің сапасын арттыруға бағытталған ақпаратты жинау, өңдеу және талдау;
- Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау;
- балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін жеке және топтық жоспарлау.

Аталған әдістемелік ұсынымдар балалардың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеруіне мониторинг жүргізуде педагогтерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленді.

Әдістемелік ұсынымдар келесі бөлімдерден тұрады: «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің негізгі тәсілдері», «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін есептеу әдістемесі».

Күтілетін нәтиже:

- МДҰ-да педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыруға және жүзеге асыруға мүмкіндік береді;
- баланың даму динамикасын бақылауда бірыңғай тәсілді қамтамасыз етеді.

Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады:

- 1) 1-деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;
- 2) 2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;
- 3) 3-деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

Мониторинг нәтижелерін алу әдістері:

- балаларды бақылау;
- әңгімелесу;
- бала әрекетінің өнімдерін талдау;
- жағдаяттар.

Жетекші әдіс – бақылау, ол балаға табиғи жағдаятта, күнделікті өмірде жүргізіледі. Диагностиканы жүргізу кезеңдері: жылына 3 рет – оқу жылының басында, ортасында және соңында:

- бастапқы – қыркүйек;
- аралық – қаңтар;
- қорытынды – мамыр

Тәрбиеленушілердің оқу жылы ішіндегі жетістіктеріне мониторинг жүргізіледі (біліктер мен дағдылардың диагностикасы);

- бастапқы - 10-20 қыркүйек;
- аралық – 10-20 қаңтар;
- қорытынды – 15-25 мамыр.

Бастапқы диагностиканың нәтижелері:

2020-2021 оқу жылы.

Типтік бағдарламаның мазмұнын меңгерудегі тәрбиеленушілердің дамуының **бастапқы мониторингіне** 2 топ жиынтықтарда 21 бала бастапқы мониторингпен қамтылды.(А,Ә,Б,В)

Денсаулық сақтау саласынан I деңгей - 7бала, бұл 33%; II деңгей –8 бала, бұл 38%; III деңгей –6 бала, бұл 29 %; Жалпы: 67%.


Коммуникация саласынан I деңгей 9 бала, 43 %; II деңгей – 7бала, бұл 33%; III деңгей – 5 бала, бұл 24%; Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы % - 57%.

Таным саласынан I деңгей – 10бала, бұл 48 %; II деңгей –4бала, бұл 19%; III деңгей – 7 бала, 33 %; Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы - 52 %.

Шығармашылық саласынан I деңгей 6-бала 29%; II деңгей – 6 бала, бұл 29 %; III деңгей – 9 бала, бұл 42%; Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы % - 71 %.

Әлеуметтік саласынан I деңгей 10-бала 48%; II деңгей – 7бала, бұл 33%; III деңгей – 4 бала, бұл 19 %; Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы % -52%. 2020-2021 оқу жылындағы бастапқы мониторингінің нәтижелері 71%.

**«Т.Қазақбаев» МКМ-нің МАД «А» және «Ә» тобының біліктілігі бойынша
диагностикалық нәтижелерінің бастапқы көрсеткіштері 2020-2021 оқу
жылы**



1. 2020-2021 оқу жылының басында мектепте 2 топ мектепалды даярлық тобы құрылды. Жалпы оқушылар саны -21 оқушыны құрады. Әр топтың бөлек оқу бөлмелері бар.

2. Мектепалды даярлық тобының тәрбиешілері туралы мәлімет

№	Мұғалімнің аты-жөні	Туған күні, айы, жылы	Білім бітірген оқу орны, жылы (толық жазылуы керек)	Диплом бойынша мамандығы	Бітірген бөлімі (күндізгі, сырттай)	Сабақ жүргізетін пәні	Сағат жүкт емесі	Жалпы еңбек өтілі
1	Усенова Гульдан а Калдыбаевна	13.02. 2023	ОҚПУ-2004	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі	сырттай	Мектепалды даярлық тобы	20	15
2	Блисова Жулдыз Кунанбаевна	06.05. 1978	ОҚМУ-2005	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі	сырттай	Мектепалды даярлық тобы	20	23

2021-2022 оқу жылы.

Денсаулық сақтау саласынан І деңгей -1 бала, 8 %; ІІ деңгей – 3 бала ,бұл 25%; ІІІ деңгей – 8бала, бұл 66%; Жалпы: 91%.

Коммуникация саласынан І деңгей 4 бала, 33%; ІІ деңгей – 5 бала, бұл 42%; ІІІ деңгей – 3 бала, бұл 25%; Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы % - 67%.


Таным саласынан І деңгей – 5 бала, бұл 41%; ІІ деңгей – 3 бала, бұл 25%; ІІІ деңгей – 4бала, 33 %; Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы % - 58%.

Шығармашылық саласынан І деңгей 0-бала 0%; ІІ деңгей – 2 бала, бұл 16%; ІІІ деңгей – 10 бала, бұл 84%; Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы % - 100%.

Әлеуметтік саласынан І деңгей 1-бала 8%; ІІ деңгей – 4 бала, бұл 33%; ІІІ деңгей – 7 бала, бұл 58 %; Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы % - 91%.

2020-2021 оқу жылындағы бастапқы мониторингінің нәтижелері 69,8 %.

**«Т.Қазақбаев» КММ-нің МАД тобының біліктілігі бойынша
диагностикалық нәтижелерінің бастапқы көрсеткіштері 2021-2022 оқу
жылы**



2021-2022 оқу жылы.

1) Типтік бағдарламаның мазмұнын меңгерудегі балалардың дамуының бастапқы мониторингіне МАД тобынан 11 бала қатысты. Нәтижесінде 1-деңгейде 2-деңгейде балалар анықталды.

Мектеп алды даярлық тобының тәрбиешісі: Сарова Маржан Қасымбайқызы
Пед өтілі: 9 жыл

Санаты: педагог-модератор

2021-2022 оқу жылы. Типтік бағдарламаның мазмұнын меңгерудегі балалардың

дамуының бастапқы мониторингіне МАД «А» тобынан 11 бала қатысты. Нәтижесінде балалар анықталды: 2021-2022 оқу жылының оқыту қазақ тәлөнде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары 20 сағатты құрайды.

2. Мектепалды даярлық тобының тәрбиешілері туралы мәлімет

№	Мұғалімнің аты-жөні	Туған күні, айы, жылы	Білім бітірген оқу орны, жылы (толық жазылуы керек)	Диплом бойынша мамандығы	Бітірген бөлімі (күндізгі, сырттай)	Сабақ жүргізетін пәні	Сағат жүктемесі	Жалпы еңбек өтілі
1	Сарова Маржан Қасымбайқызы	07.07.1982	Қазақстан инженерлік – педагогикалық халықтар Достығы университеті	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі	сырттай	Мектепалды даярлық тобы	20	10 жыл

2022-2023 оқу жылы.

Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып

тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы);

5) Мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады. Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша: - физикалық дамыту; - коммуникативтік дағдыларды дамыту; - танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; - шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Типтік бағдарламаның мазмұнын меңгерудегі тәрбиеленушілердің дамуының бастапқы мониторингіне бір мектепалды дайындық топтарынан 14 бала қатысты. (А,Ә) нәтижесінде

Денсаулық сақтау саласынан І деңгей – 7 бала, 50 %; II деңгей – 7 бала, бұл 50 %; III деңгей – 0. Жалпы: 50%.

Коммуникация саласынан І деңгей 6 бала, 42,8 %; II деңгей – 6 бала, бұл 42,8 %; III деңгей – 2 бала, бұл 14,2%; Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы % - 42,8%.

Таным саласынан І деңгей – 6 бала, бұл 42,8%; II деңгей – 7 бала, бұл 50%; III деңгей – 1 бала, 7%; Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы 46,4% - %.

Шығармашылық саласынан І деңгей 6-бала 46,3%; II деңгей – 8 бала, бұл 39,2 %; III деңгей – 0 бала. Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы % - 53,6%.

Әлеуметтік саласынан І деңгей 6-бала 55%; II деңгей – 6 бала, бұл 37,6%; III деңгей – 5 бала, бұл 7,2 %; Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы % - 44,8%. 2020-2021 оқу жылындағы бастапқы мониторингінің нәтижелері 65,9%.

**«Т.Қазақбаев» КММ-нің МАД тобының біліктілігі бойынша
диагностикалық нәтижелерінің бастапқы көрсеткіштері 2022-2023 оқу
жылы**



Ә) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелерінің болуы және талдауы (қортынды)

«Денсаулық» білім беру саласының базалық мазмұны дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады. Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып балалардың қимылдық белсенділігін дамыту және дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік, төзімділік, икемділік, шапшаңдық үйлесімділікті дамыту. Денсаулық сақтау технологиясын пайдалана отырып балалардың қимылдық белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларының қызығушылығын қалыптастыру болғандықтан әр кезеңде өсу деңгейі байқалады. Оқу жылында балалардың қозғалыс қызметіндегі қызығушылықтарын спорттық-сауықтыру белсенділіктерін қалыптастыру болғандықтан дене тәрбиесі нұсқаушысы осы бағытта атқарған жұмыстары оң нәтиже берді:

«Қатынас» білім беру саласының базалық мазмұны: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, орыс тілі ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады. Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым қатынас жасау үшін тілді игеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту болып табылады. Балалардың іс-әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде ауыз екі сөйлеуін дамыту, әдеби тілде дұрыс сөйлеуді үйрету, сөз өнеріне педагогтардың басты мақсаты. Балалар сөйлеу мәнерінің тәсілдерін /сөйлеу қарқыны, интонацияны/ сақтайды. Тілдегі барлық дыбыстарды анық айтады, қысқа әңгімелерді және ертегілерді мазмұндайды, заттар мен құбылыстардың белгілері мен сапасын ажыратады. Қажетті сөздермен сөз тіркестерін қолданады. Шығарма жанрларын тақпақ, ертегі/әңгіме ажырата алады. Өлендерді эмоционалды түрде жатқа айтады.

«Таным» білім беру саласының базалық мазмұны қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, құрастыру, жаратылыстану ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады. Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту және қоршаған ортаның біртұтастығы туралы білімдерін қалыптастыру. Көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту ТРИЗ, Денеш технологияларының элементтерін қолдану арқылы нәтижеге жетеді. «Қызықты математика» құралдарын, атрибуттарын пайдалана отырып қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру, өз ойы бойынша құрылыстарды жасауға, оларды мазмұн бойынша біріктіруге және олармен ойнауға ынталандырады. Тірі және өлі табиғат туралы білімдерін, табиғатта

өзін ұстау туралы ережелерді және қарапайым өзара байланыстар туралы білімдерін байыту, табиғатқа сүйіспеншілікпен және ұқыпты қарауға баулы.

Жыл соңында МАДС заттық ұғымдарды салыстыра біледі, геометриялық пішіндерді біледі, кеңістік пен уақытты бағдарлай алады, қарапайым құрылыстарды құрастыра алады. Туған өлкенің кейбір өсімдіктерін біледі, жануарлар мен олардың төлдерін өздеріне тән белгілері бойынша атайды және ажыратады. табиғатта өзін ұстай білу ережелерін түсінеді.

«Шығармашылық» білім беру саласының базалық мазмұны сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады. Балалардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамын дамыту, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлау мен қиялдауын дамыту, көзбен қол үйлесімін дамыту, қарапайым заттарды, құбылыстарды, ертегі кейіпкерлерінің пішінін, түстерін, бөліктердің орналасуын бере отырып бейнелеу біліктері мен дағдыларды қалыптастыру жұмыстары жүргізілді. Жыл соңында күрделі емес сюжеттік композициялар құрастыра біледі, бормен асфальтқа, таяқпен құмға сурет салады. Қағаздың қасиеттері жайлы біледі/жыртылады, мыжылады. Ұқыпты жұмыс жасауға дағдыланған., тазалық шараларын қолдана алады. Дайын пішіндерден қарапайым композицияларды құрастырады.

Музыканы тыңдау дағдысын меңгерген, би қимылдарын орындайды, балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажыратады және атайды. Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды.

«Әлеумет» білім беру саласының базалық мазмұны қоршаған ортамен танысу ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.

Балаларда қоршаған ортаға жағымды мінез-құлық пен қарым-қатынасын, эмоционалды елгезектік пен әлеуметтік мәдениет негіздерін қалыптастыруда оларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру арқылы, таныс заттарды ажыратуға үйрету жұмыстары жоспар бойынша жүргізіледі. Қазақстанның халық ауыз әдебиеті шығармашылығын қолдану арқылы Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті, ересектерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу жыл бойында ұйымдастырылған оқу әрекеттерінде, серуенде, режимдік сәттердің қолайлы кезеңдерінде жүргізіледі.

2020-2021 оқу жылында 2 топ жиынтықтардан 21 бала қорытынды мониторингпен қамтылды. (А,Ә,Б,В)

МДО МЖМБС анықтайтын Дағдылар мен дағдылардың тізбесіне сәйкес балалардың даму деңгейі:

Денсаулық сақтау дағдылары бойынша І деңгей -4 бала, 19%; ІІ деңгей-9 бала, 43%; ІІІ деңгей 8 бала, 38%;

Коммуникативтік - тілдік дағдылар бойынша І деңгей -7 бала, 33%; ІІ деңгей-8 бала, 38%; ІІІ деңгей - 6 бала, 29%;


Танымдық дағдылары бойынша І деңгей – 6 бала, 29%; ІІ деңгей – 6 бала, 29%; ІІІ деңгей – 9 бала, 42%;

Шығармашылық дағдылары бойынша І деңгей – 2 бала, 10%; ІІ деңгей – 8 бала, 38%; ІІІ деңгей 11 бала, 52%;

Әлеуметтік дағдылар бойынша І деңгей - 6 бала, 29%; ІІ деңгей – 9 бала, 42%; ІІІ деңгей – 6 бала, 29%;

2020-2021 оқу жылындағы қорытынды мониторингінің нәтижелері 77,2 %.

«Т.Қазақбаев» МКМ-нің МАД «А» және «Ә» тобының біліктілігі бойынша диагностикалық нәтижелерінің қорытынды көрсеткіштері 2020-2021 оқу жылы



2021-2022 оқу жылында 1 топ жиынтықта (А, Ә, Б) 12 бала қорытынды мониторингпен қамтылды.МДО МЖМБС анықтайтын Дағдылар мен дағдылардың тізбесіне сәйкес балалардың даму деңгейі:

– Денсаулық сақтау дағдылары бойынша I деңгей – 8 бала, 67%; II деңгей-5 бала, 42%, III деңгей – 6 бала, 50%;

- Коммуникативтік – тілдік дағдылар бойынша I деңгей 3 бала, 25%; II деңгей –4 бала, 33%; III деңгей 5бала, 42%;


- Танымдық дағдылары бойынша I деңгей 2 бала, 16%; II деңгей 2 бала, 16%; III деңгей – 8 бала, 66%

- Шығармашылық дағдылары бойынша I деңгей 0 бала, 0%; II деңгей 4 бала, 33%; III деңгей – 8 бала, 66%;

- Әлеуметтік дағдылар бойынша I деңгей – 6 бала, 16%; II деңгей –6 бала, 50%; III деңгей – 4 бала, 33 %;


2021-2022 оқу жылындағы қорытынды мониторингінің нәтижелері 86,2 %.

**«Т.Қазақбаев» МКМ-нің МАД тобының біліктілігі бойынша
диагностикалық нәтижелерінің қорытынды көрсеткіштері 2021-2022 оқу
жылы**



2022-2023 оқу жылында 1 топ жиындықтарынан 14 бала қорытынды мониторингпен қамтылды. (А,Ә,Б,В)

МДО МЖМБС анықтайтын Дағдылар мен дағдылардың тізбесіне сәйкес балалардың даму деңгейі:



Денсаулық сақтау дағдылары бойынша I деңгей -2 бала, 14%; II деңгей-10 бала, 71%; III деңгей 2 бала, 14%;

Коммуникативтік - тілдік дағдылар бойынша I деңгей -2 бала, 14%; II деңгей-9 бала, 64%; III деңгей - 3 бала, 21%;

Танымдық дағдылары бойынша I деңгей – 4 бала, 28%; II деңгей –9 бала 64%; III деңгей – 1 бала,8%;

Шығармашылық дағдылары бойынша I деңгей – 1 бала,8%; II деңгей – 10 бала, 71%; III деңгей 3бала, 21%;

Әлеуметтік дағдылар бойынша I деңгей - 1 бала, 8%; II деңгей – 11бала, 78%; III деңгей – 2 бала, 14%;

2020-2021 оқу жылындағы қорытынды мониторингінің нәтижелері 85,2%.

II. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар:

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау

1) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – УОЖ) сәйкестігі(өткен 2 оқу жылын қоса алғанда)

Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына, «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына (Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына), Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 Бұйрығына жыл сайынғы енгізілген өзгертулерге сәйкес жасалған мектептің жылдық оқу жоспарларына қысқаша талдау.

2020-2021 оқу жылында жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары негізінде құрастырылды. (04.09.2018 ж. № 441, 15.05.2019 ж. №205, 17.08.2020 №350

өзгерістер енгізілді). Бұл оқу жылында 1-11 сынып оқушыларының барлығы жаңартылған білім беру мазмұнына көшті.

2021-2022 оқу жылында жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары негізінде жасалды. (20.08.2021 ж., №415, 26.03.2021 ж. № 125 өзгерту енгізілді). Ағымдағы оқу жылында 1-10-сыныптар жаңартылған білім мазмұны бойынша, 11-сыныптар білім беру бейінін сақтау үшін жүктемесі азайтылған жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытылады. 2021-2022 оқу жылында Үлгілік оқу жоспарларының вариативті компонентінің сағаттары есебінен 5-10 сыныптарда «Жаһандық құзыреттер» (аптасына 1 сағат) келесі элективті пәндерді өткізу ұсынылады :

- 5- сыныпта «Парасаттылық және әдеп»;
- 6- сыныпта «Экология» ;
- 7- сыныпта «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау» ;
- 8- сыныпта «Медиасауаттылық» ;
- 9- сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері» ;
- 10-11- сыныптарда «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» жатады .

2022-2023 оқу жылында жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары негізінде жасалды. (ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365 және 30.09.2022 ж. № 412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен).

Сабақ кестесі санитарлық ережелерге сәйкес құрастырылады

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамызындағы №611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптар» (бұдан әрі - СанПин) (05.08.2021 ж.№ 2021 жылғы өзгерістер мен толықтырулар) -76). Сонымен, 1-11 сыныптарда , СанПин сәйкес , 2 және 4 сабақтан кейін кемінде 10 минутқа 2 үзіліс бар . Сабақ кестесін мектеп директоры бекітеді және мектептің кәсіподақ кеңесімен келісіледі.

2020-2021 оқу жылы

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрінің 2021жылғы 5мамырдағы №203 бұйрығына сәйкес, сондай-ақ меншікті нысанына және ведомствалық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2020-2021 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында, Бәйдібек ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 17.05.2021ж күнгі №594 бұйрығы негізінде, қорытынды аттестатау өткізудің мынадай мерзімдері бекітілді:

2020-2021 оқу жылында 9-сынып білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау пәндері төмендегідей:

Аудандық адами дамыту бөлімінің 02.10.2020ж хатына сәйкес, қоғамның және мемлекеттің игілігі үшін балалардың өміріне қатысуының өзекті мәселелерін шешуге жәрдемдесу, балалардың әлеуметтік бастамаларын және балалардың қоғамдық бірлестіктерін қолдау мақсатында «Балалар өкілдіктерінің құрылуына» кандидаттыққа 14 оқушы өз бағдарламаларымен ұсыныс білдірді.

08.10.2020ж Ұстаздар мерекесіне орай "Ұстаз - ұлы тұлға" тақырыбында арнайы сабақ өткізілді. Арнайы сабақта мектептің бітіруші түлектері мереке күнімен 11 жыл білім берген ұстаздарын қолдан жасалған ашық хаттармен құттықтады.

«Қыс кереметі» қысқы демалыс жоспарына сәйкес 05.01.2021ж "би марафоны" өткізілді.

08.01.2021ж "Пайдалы ойындар" - робототехника бойынша мастер-тренинг өткізілді.

Қысқы демалыс жоспарына сәйкес 08.01.2021ж "Затеи января", "Отбасылық шеберхана" мастер-классы онлайн түрде өткізілді және "Жаңа жылға отбасылық дәстүрлер: бос уақыт, коллекциялар" бейне жобасы өткізіліп оқушылар мақтау марапатталды.

"Ұлыстың ұлы күні - Наурыз" мерекесін 10 күн атап өту жөніндегі іс - шаралар жоспарына сәйкес, «Көрісу күні», «Табиғат күні», «Балаларды еске алу және бата күні», «Шежіре күні», «Тарихқа тағзым күні», «Игі істер күні», «Спорт және шеберлік күні», «Даналық және білім күні», «Зияткерлік күні», «Ұлттық тағамдар күні», «Ұлыстың Ұлы күні», «Қадір тұту күні» аталып өтілді.

2021 жылдың 25 мамыр күні соңғы қоңырау мерекесіне арналған "Сыңғырла соңғы қоңырау" тақырыбында салтанатты жиын өтті. Салтанатты

іс-шара 11- сынып оқушыларына дәстүрлі форматта, 1- 10- сынып оқушылары сынып сағаты түрінде өткізді. Санитарлық талаптарды сай бетперделік режим және 1,5 метр арақашықтықты сақталды. Әр сынып 40 минуттан және іс-шара арасы 30 минут үзіліс арқылы жалғасып отырды.

Жазғы демалыс кезіндегі оқушылардың өмір қауіпсіздігі жайында ата-аналармен және оқушылармен түсіндірме жұмыстар жүргізілді.

5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие:

Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, Экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту мақсатында біршама жұмыстар онлайн форматта жүзеге асырылып оқушылар арасында бейнелеу пәнінің мұғалімі оқушылар арасында «Бояулар сөйлейді» сурет сайысын өткізді. Технология пәнінің мұғалімдері оқушылардың қол өнер көрмесін ұйымдастырып өткізді. Педагог-психологтар жоғары сынып оқушылардан «Экономика жайлы не білеміз?» атты сауалнама алды. «Табиғат әлемі балалар көзімен» атты көрме байқауы өткізілді.

1. «Экология балалар көзімен» атты көркем суреттер номинациясы бойынша өткізілді.(А3 форматта 5 жұмыс).
 2. «Табиғат тынысы» тақырыбындағы фотосуреттер немесе фотоколлаждар номинациясы бойынша өткізілді. (А4 форматта 5 жұмыс).
 3. «Табиғи материалдан жасалған бұйым» номинациясы (А3 форматта 5 жұмыс, табиғи материалдардан жасалған панно немесе аппликациялар).
 4. «Өлкеміздің өсімдіктері» номинациясы (өлкемізде өсетін түрлі өсімдіктерден дайындалған түрлі үлгідегі кеппешөптердің (гербарий) жиынтығы, көлемі А3 форматта) қатысушыларға алдын ала дайын гербарий қорапшасы беріледі, қорапшадағы нұсқаулық бойынша жұмыс жасап, өткізді. "Экоәлем" бағыты бойынша "Жасыл сынып" сынып аралық байқау, " Мектеп өз үйім" айдарымен мектеп ауласын көгалдандыру мақсатында сенбілік жұмыстары өткізілді.
- «Табиғат әлемі балалар көзімен» атты көрме байқауы өткізілді.

6.Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты :

Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру мақсатында жүзеге асты. «Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» ой дамыту ойыны өткізілді.«Салауатты өмір салты-туберкулездің алдын алу» тақырыбында өткен спорттық жарысқа жалпы 18 қатысушы қатысып өз бақтарын сынады. «Қыран» тобы -1 орын, «Бәйтерек» тобы - II орын, «Жастар» тобы- III орынды иеленді.

«1 желтоқсан -Дүниежүзілік АИТВ қарсы күрес күні» тақырыбында тәрбие сағаттар ұйымдастырылды.

Ата-аналар мен оқушылар арасында жүйелі ақпараттық-түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Мектебіміздің медбикесі мен педагог-психологы ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, арнайы дайындалған бейнеролик ата-аналар мен оқушыларға көрсетілді.

«Ұрпақ саулығы-ұлт саулығы» тақырыбында 5-11- сыныптар арасында ашық тәрбие сағаттар өткізілді.

Электронды темекінің, нашақорлықтың, маскүнемдік пен темекі тартудың зияны туралы оқушыларға жиналыс өткізілді.

Салауатты өмір-салтын насихаттау мақсатында «Өз елін, өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алар кемеңгерді.» тақырыбында мектебіміздің спорт саласында қызмет атқарып жүрген мектеп түлектерімен кездесу өткізілді.

Салауатты өмір-салтын насихаттау және оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында күзгі демалыс кезінде 8-11- сынып оқушылары арасында волейболдан мектепішілік жарыс өтті. Жарыста жеңімпаз және жүлдегер командалар мақтау қағаздарымен және ауыспалы кубок пен марапатталды.

7.Отбасы тәрбиесі:

01.03-05.03. аралығында бастауыш бірлестігінің ұйымдастыруымен "Ана өмірдің шуағы!" тақырыбында апталық өтті. Апталық 1 наурыз- Алғыс айту күнімен басталды. Оқушылардың достарына, ұстаздарына, ата-аналарына ізгі ниеттерін білдіру мақсатында "Алғыс айту" жәшігі орналастырылды.

1-4- сыныптар арасында "Көктемгі табиғат" тақырыбында сурет байқауы және "Ана өмірдің гүлі" тақырыбында эссе жазу ұйымдастырылды. Мерекеге орай "Шынықсаң шымыр боларсың" спорттық жарыс өткізілді. "Алғысым шексіз асыл ана" тақырыбына сай оқушылар өз шығармашылықтарынан өлеңдер шығарып оқыды.

Апталықтың қорытындысы бойынша апта көлемінде жазылған тілектерге толы "Алғыс айту жәшігі" ашылып, алғыс тілектер өз иелеріне таратылды. Өткізілген байқаулар бойынша оқушылар арнайы, мектеп директорының мадақтама, алғыс хаттарымен марапатталды.

"Оқушылардың сабақ үлгеріміндегі ата – ананың рөлі " айдарымен педагог-ұйымдастырушы Ж. Құралбаев пікірлесу жүргізді. Мақсаты ата – аналарды пікір айтуға ынталандыру, ортақ шешімді анықтау, болашақта баламен жұмыс істеу міндетін белгілеу және ата-аналардың мектеппен тұрақты қарым-қатынасын қалыптастыру, отбасы тарихын және отбасы дәстүріне деген қызығушылықтарын дамыту.

"Ата-ананың парызын , Өтеу- сенің қарызың." жастардың бойына сүйіспеншілікті, жылылықты ұялату, ата-анасын құрмет тұтып, адал да парасатты ұл мен қыздары болуға тәрбиелеу үшін 10-сынып оқушыларымен сынып жетекшісі Е. Жолшыбеков ашық тәрбие сағатын өтті.

Мектептің педагог - психологы Г. Қарымсахова «Бала тәрбиесіндегі ата – ананың рөлі» баяндамасында Отбасы- ол да бір шағын мемлекет.Әр мемлекеттің өзіне тән өндірісі, өнім бөлісі, сыртқы және ішкі саясаты, басқару тәртібі, міндет-қызмет бөлінісі, кіріс- шығыс бюджеті, қасиеттеп, қастерлеп ұстанатын рәміздері т.б болмыс-тіршілік жақтары болады. Адамдардың жақсы өмір сүруі отбасы құрамындағыларға байланысты.Сондықтан отбасы құрылымына зор маңыз беріліп, мәнін қорғаған, отбасының ар-намысын сақтауға, сырын шашпауға, мүшелерінің бір-біріне адал, қамқор болуына тәрбиелеу керек екеніне тоқталды. Сонымен қатар 11-сынып ата-аналарына «ҰБТ ата-ананың көзімен» тренинг, «Жасөспірімдердің ҰБТ тапсыруға дайындығы кезінде психологиялық көмек көрсету» мектепішілік ата –аналар семинары өз деңгейінде ұйымдастырылды.

«Баланың бас ұстазы –ата - анасы» тақырыбында тәрбие сағатын 8-сынып жетекшісі К. Досалиева өткізді. Бірнеше рет «Әкелер мектебі»мүшелерімен кездесулер өтіп,бала тәрбиесіндегі әкенің оның рөлі мен тәрбиесі туралы ой қозғалды.

11-сынып жетекшісі Г. Оңалбекова ата-аналарымен «Отбасы-аялы алақан мекені» тақырыбындағы коучинг өткізді.

Коучингтің жалпы мақсаты ата-аналардың көшбасшылық туралы көзқарастарын қалыптастыра отырып, практикалық тапсырмаларды орындау арқылы түсініктерін кеңейту,топта жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру мақсатында өз ойларын айтып жеткізе алуда топ мүшелерінің ортақ пікірге келіп жеткізе алуларын жоспарлады.

Коучингті бастамас бұрын ата-аналар арасында жайлы атмосфера орнату мақсатында «Алақан жылуы» әдісі бойынша ата-аналар бір-біріне алақан жылуы арқылы лебіздері мен жылулық сыйлай отырып, ары қарай жұмыс жүргізуге деген қызығушылықтары артты.

Коучинг барысында ата-аналар тапсырмаларды орындай отырып, отбасындағы тәрбиедегі негізгі жауапкершілік отбасы мүшелерінде, ата-ана қауымдастығы,бірлескен жұмыс нәтижесі екендігін,көшбасшы деген кім, оның бойында болатын қасиеттер туралы толық түсініктер алып,өз дәлелдемелері бойынша айтып өтті.Көшбасшы туралы берілген теориялық білімді тапсырмаларды орындау барысында қолдана отырып, түсініктері қалыптасты. Тапсырма орындау барысында топта ауызбіршілік пен серіктестік қарым-қатынас сақталды. Топтағы қарым-қатынас ақпарат алмасуда,өз ара қарым-қатынаста, өзара түсіністікте жүзеге асты. Жұмыс барысында топтағы қарым-қатынас жұмыстың тиімділігін одан әрі арттыруға көмектесті.

Дегенмен де кейбір түсініктер бойынша толықтырулар болмады, болашақта тағы да ата-аналар арасында көшбасшы, оның ішінде бөлінген көшбасшы туралы түсініктер беру, жіберілген кемшіліктер бойынша жұмыстар жүргізу керек екені туралы шешімге келді.

15 мамыр - Отбасы күніне орай әр сынып бойынша ата-аналардың қатысуымен тәрбие сағаттары өтті. «Ата –ана нені білуі керек?» айдарымен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Қамысбекова ата-аналармен бірнеше кездесу өткізіп, бала тәрбиесіне қатысты мұғлұматтарды жеткізіп, ата-аналарға жадынама таратты. Әр тоқсан сайын жалпы ата-аналар жиналыстарында бала тәрбиесіне байланысты құнды дүниелермен бөлісіп отырды.

Мектепте әлеуметтік педагогтар педагог-психолог мамандарымен, сынып жетекшілермен, әкімшілік құрамымен және ата-аналармен тығыз байланыста қызмет атқарады. Яғни, олармен оқушылардың құжаттарын тағайындауда, олардың әлеуметтік мұқтаждығына көмек беруде және оқушылардың ішкітұлғалық, тұлға аралық шиеленісті жағдайлар туындағанда, оқушы мен педагог арасында кикілжің пайда болғанда әлеуметтік педагогпен бірлесе жұмыс жүргізеді.

8.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі:

Бастауыш сыныптар арасында ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері Ж. Жұмаділлаева, Д. Талипова «Үш тұғырлы тілдің ұрпағы біздер» тақырыбындағы ертеңгілік өткізді. Ертеңгілік барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артты.

Қыркүйек айында «Абайлаңыз, балалар!» онлайн форматта акция ұйымдастырылды. Оқушыларға ватсап желісі арқылы жол қозғалысы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

5-сынып оқушыларымен қыздар ұйымының жетекшісі Г.Оңалбекова «Гүлдер патшалығы» айдарымен сайыс ұйымдастырды. Қыздар өз қолдарымен отырғызған гүлдерді қалай баптап, өсіргендері туралы айта келіп, оның адам денсаулығына қажет екендіктеріне тоқталды. Мектептің тәлімгері М. Талипова мен педагог-ұйымдастырушысы Ж. Құралбаев 6-сыныптар арасында «Алтын күз 2020», 7-сыныптар «Мен және менің сүйікті ұстазым», 8- сыныптар арасында «Ұстаздар ұлы жандар» ұстаздар мерекесіне арналған кеш 10-11- сыныптар арасында өткен «Бозбала мен бойжеткен» атты шоу ұйымдастырды. 9-сынып оқушыларымен кітапханашы А. Мыңжасарова Төлеген Айбергеновтың туғанына 80 жыл «Жырларым жан арыммен қатар сөнбе» атты кеш өткізілді. 9-11-сыныптар арасында М. Мақатаев «Қарасаздың мұзбалақ ақыны М. Махатаев» 5-7- сыныптар арасында мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. 5-7 сыныптар арасында «30 кітап» акциясы жобасы өткізілді. 6-7 сыныптар арасында «Ең үздік оқырман » сайысы өткізілді.

«Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы арқылы бірнеше жобалар мектептерде іске асырылуда, атап айтқанда, «Мен азаматпын!» оқушылардың өзін-өзі басқару тәжірибесі, «Қарттарым – асыл қазынам», «Мейірімді жүрек»

әлеуметтік жобалары, «Мектеп оқушыларына оқуға ұсынылатын үш кітап» жобасы, «Қазақтың 100 әні» жобасында ұмыт болған халық әндері мен халық композиторларының насихаттап, мектептің ішкі мүмкіндігін ескере отырып, «Көп оқып, көп білуге ұмтыл: оқуға міндетті 30 кітап» жобасы, «Туған жерге тағзым!» өлкетану саяхаты - мектептегі жаңаша тәрбие үрдісі. Құндылыққа бағдарланған тәрбие бағдарламасы оқушылардың бойында құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, еңбек және шығармашылық, өмір бойы білім алуға бағытталған маңызды білім беру құндылықтарын қалыптастыруды көздейді. «Туған жер» жобасы аясында туып-өскен жерлерімен байланысын нығайту, елімізде қайырымдылық мәдениетін жетілдіру, тарихты, географияны, туған өлке нысандарын зерттеу және оның көркейту бағытында өлкетану жұмыстары жүргізілуде.

2021-2022 оқу жылы

1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық,құқықтық тәрбие:

Адами әлеуетті дамыту бөлімінің 26.08.2021 жылғы 900 санды хаттарына сәйкес, жаңа 2021-2022 оқу жылының басталуына арналған салтанатты іс - шара санитарлық нормаларды сақтай отырып мектеп спорт залында 1-сынып, 4-сынып, 9-сынып, 11-сыныптардың өткізілді. Бірінші сынып оқушыларына "Әліппе" оқулығы табысталды. Қалған сыныптарда 1 қыркүйек- Білім күніне арналған Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай "Тәуелсіздік шежіресімен жетістігі" тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттары әр сынып үшін жеке кабинеттерде санитарлық талаптарды сақтай отырып өткізілді.

Адами әлеуетті дамыту бөлімінің 28.05.2022ж күні №630 санды хатты негізіне ала отырып "Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн" тақырыбында Ұлттық ақпараттық науқаны ұйымдастырылды.Мектебіміздің әлеуметтік педагогі Л. Онбаева бала еңбегінің ең нашар түрлері,проблемалары және балаларды сатудың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізіп,балаларға сауалнама толтырғызды.

Балалардың құқықтарын бұзу, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық немесе қатігез қарым-қатынас жағдайларына жедел ден қою мақсатында Telegram мессенджерінде «Bala Qorgau» атты чатының (https://t.me/bala_qorgau) жұмыс істейтіндігін, мектепте, үйде және көшеде қиындықтарға тап болған оқушыларға, олардың ата-аналарына Чат-ботты пайдалану тәулік бойы тегін құқықтық көмек көрсету нысандарын кеңейтуге мүмкіндік беретіндігі жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Адами әлеуетті дамыту бөлімі Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің 2021 жылғы 3 маусымдағы №21-27-14.41 тапсырмасын

орындау шеңберінде 1-11 -сынып оқушылары мен ата-аналарға төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздік шаралары бойынша танымдық бейнероликтер мен қосымша жаднамалар көрсетіліп, таныстыру жұмыстары жүргізіліп, біршама ақпараттар берілді. Төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы жаднамалар әлеуметтік желілерде кеңінен жарияланды.

Адами әлеуетті дамыту бөлімінің хатына сәйкес "Су қауіпсіздігі шараларының алдын-алу" іс-шарасы өткізілді. Соңғы жылдары суға шомылу маусымында судағы қауіпсіздік шараларын сақтамау, ата-аналар балаларын қараусыз қалдырғаны салдарынан қайғылы жағдайлар көбейген, осыған орай алдын-алу мақсатында МДТІЖО М. Құмабековтың ұйымдастыруымен Бәйдібек АПБ-нің КТІЖ инспекторы полиция капитаны Е. Жұман, полиция лейтенанты Б. Әбілқасымовтың қатысуымен мектеп оқушыларына профилактикалық әңгімелесу, сұрақ-жауап, кеңес берумен қатар жадынамалар таратылды.

Адами әлеуетті дамыту бөлімінің 01.09.2021 жылғы № 175 санды хатына сәйкес оқушылардың түнгі беймезгіл уақытта жүруіне, қаңғыбастыққа салынуының алдын-алу мақсатында мектепте арнайы бұйрықтар шығарылып, кесте түзіліп Бәйдібек АПБ-нің учаскелік полиция инспекторларымен бірлесіп "Түнгі ауылдағы балалар" рейді іс-шарасы күнделікті жүргізілуде. №591 заңның 16-бабына сәйкес мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Құмабеков Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық профилактикасы бойынша ескерту хатпен таныстырды. Баланың денсаулығына қауіп төндіру, баланың білім алуына кедергі келтіру, дене бітімі мен ақыл-ойына, әлеуметтік дамуына нұқсан келтіретін жұмыстарды атқарудың алдын алу және осы секілді жұмыстарға тартуға тыйым салынатындығы жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

“Балалардың жолдағы қауіпсіздігі” тақырыбында Бәйдібек АПБ ЮПТ полиция лейтенанты Б. Әбілқасымов 1 -4- сыныптар арасында жол ережесін сақтау туралы жасөспірім балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп сабақ өтті. "Абайлаңыз, балалар!" тақырыбында Республикалық акция барысында "Абайлаңыз, балалар!" атты іс-шараларын өткізді. Басты мақсаты – жол-көлік жарақаттануының алдын алу және жол-көлік оқиғаларын балалардың қатысуымен болдырмау. Сонымен қатар, балаларға жол-көлік оқиғаларының алдын алуға бағытталған бейнероликтер көрсетіліп, жол қозғалысы ережесін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Балалар демалыс және мереке күндері көптеген жағдайда бақылаусыз қалып жатады, яғни демалыс күндері балалар уақытын көшеде өткізсе, жол жиектерінде ойнайды, жолға жүгіріп шығады, өкінішке орай жол-көлік оқиғаларына қатысушы болып жатады. Сондықтан, ата-аналарға бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру мақсатында түсіндірілді.

22 қаңтар күні педагог- психолог Г. Қарымсақова және әлеуметтік педагог Л. Онбаеваның ұйымдастыруымен «Буллинг және кибербуллингке жол жоқ!» тақырыбында 5-11- сынып оқушыларына тренинг өтті. Буллинг және кибербуллингтің алдын алу мақсатында оқушыларға педагогикалық –психологиялық тұрғысынан түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, көмек көрсетілді. «Буллинг» термині ағылшын тілінен аударғанда «қорлау, қудалау, мазалау» деген мағынаны білдірсе, ал «Кибербуллинг» термині адамды интернетте қорлау немесе қудалау деген мағынаны білдіреді. Осындай теріс әрекеттерді болдырмау үшін оқушылар арасында сұхбат жүргізіліп, өз құқықтарын қорғауға, батыл әрі табанды болуға, кез келген жағдайда көмек сұрауға, жасырып қалмауға мамандар тарапынан кеңестер берілді.

Бәйдібек аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің 07.12.2021 ж күнгі №1388санды хаты негізінде ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Түркістан облысы бойынша Департаментінің тапсырмасына сәйкес "9 желтоқсан - Халықаралық жемқорлыққа қарсы күрес күніне" байланысты 8-9-10-11- сынып оқушыларына "Арманыңа адал бол" тақырыбында адалдық сабағы жоғары деңгейде өткізілді. Осы тақырыпта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі М. Құмабековадалдық пен парасаттылық қағидаттары қамтылған баяндама оқыды. 10 - сынып оқушылары топ лидерлерінен құрылып “Біз жемқорлыққа қарсымыз” тақырыбы аясында көрініс көрсетіп және пікірталас, креативті сұрақ-жауаптарын қойып, өскелең жас ұрпақтың тәрбиесіне адалдық пен парасаттылық қасиеттерін дәріптеді.

«Қыз бала ұлттың ұяты, халықтың шырайы» «Қыз Жібек» қыздар клубының жетекшісі Г. Оңалбекованыңұйымдастыруымен 7-11 сыныптың оқушы қыздары арасында "Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі" тақырыбында қыздар жиналысы болып өтті. Жиналысқа Танатар ауылының ФАП меңгерушісі Б.Үркімбаева, Мектеп тәлімгері М. Талбидинова, Педагог- психолог Г. Қарымсақова, Әлеуметтік педагог Л. Онбаева қатысты.Жиын барысында әлеуметтік педагог Л. Онбаева қыз тәрбиесі жөнінде айта келе, қыздарға өз кеңесін берді. Мектеп тәлімгері М. Талбидинова қыздардың тәртібі, тазалығы жайлы айтып өтті. Мектептің педагог - психологы Г. Қарымсақова баяндама оқып, арнайы тренингтер жүргізді. Мектепте Бәйдібек АПБ –нің КТІЖ инспекторларымен кездесулер, ер балалар арасында үнемі жиналыстар өткізіліп келеді.

«Серілер» ұл балалар кеңесі арасында зиянды әдеттердің алдын алу, спорттық іс-шараларға қатыстыру арқылы салауатты өмір сүру салтын насихаттау, өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру, отбасында да, қоғамдық ортадағы тәрбиеде де ер баланы еңбек етуге, еңбексіз бос отыра алмайтындай сезімге тәрбиелеу барысында:

- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру;
- ер балалардың азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;
- танымдық жұмыстарды ынталандыру;
- жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;
- жауапкершілік мен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған ер баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуда Бәйдібек АПБ-нің учаскелік полиция инспекторларымен кездесулер, ер балалар арасында жиналыстар өткізілді.

"Ұлағат" әкелер кеңесі отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, ата-аналардың жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы рөлін арттыру, отбасындағы әкенің міндеттері мен жауапкершілігін қалыптастыру болып табылады. Отбасындағы ұл тәрбиесінде әке мен аталардың рөлі ерекше екенін айқындай келе 9-сыныбында "Әке отбасының басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. "Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнер-білімі — ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы бала" 5-11- сынып аралығында әкелер құрамынан жасақталған өнер сайысы өткізілді. Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болса: "Оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, өнегелі жерден шыққан ғой" деп мадақтайтыны сондықтан.

"4 маусым-ҚР Рәміздері күніне" байланысты іс-шаралар :мемлекеттік туымыздың мәртебесі биік болсын. Қазақстанда қалыптасып келе жатқан ұлттық тұтастық, біздің Әнұранымыз бен Елтаңбамызбен бірге жасаса алар асуымыз биік болары хақ. "Менің туым - менің мақтанышым!!!" тақырыбында мектебіміздің оқушылары флешмоб өткізді.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы аясында “Өнерім саған,Тәуелсіз Қазақстаным!” тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді.Мақсаты:Жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік сезім ұялату ҚР Тәуелсіздік кезіндегі жетістіктерімен таныстыру,еліне,жеріне деген патриоттық сезімін қалыптастыру.“Жас ұлан” және “Жас Қыран”бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына оқушылар салтанатты түрде қабылданды. Мақсаты: Азаттыққа қол жеткізгенге дейінгі халқымыздың өткен өмірі, бүгіні мен келешегін кең көлемде насихаттау.Қазақта "Жеті атасын білмеген ұл жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмеген ел жетесіз" деген сөз бар. Әрбіріміз егемендіктің қандай жолмен келгенін жүрегімізбен сезгенде ғана еліміздің тәуелсіздігі тұғырлы болады деп дәріптеді. Салтанатты жиынның қонағы болып зейнеткер ұстаздар келді. Әрбір адам еркіндікті қалайтыны секілді, әрбір мемлекет те азат болғанда ғана елдігін сақтайды. Тәуелсіздік те бақыт

сияқты, бағалаған адамның, аялаған қоғамның қолына тұрақтайды деп оқушыларға ізгі тілегін білдірді. Тарих пәнінің мұғалімі Қ. Ташболатова "Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев Тәуелсіздікке бейбіт жолмен қол жеткізсек те, оған барар жолда бабалар қаны аз төгілген жоқ" - , деген сөзін растап, жас ұрпақтың санасына жеткізудіміз керек екендігін баяндамасында атады. Тәуелсіз жылдар ішінде әлемдік ғылым мен мәдениеттің ең үздік жетістіктерін меңгерген жаңа ұрпақ қалыптасқанын, Жаңа елордамыз салынғанын, ең үлкен табысымыз да, ең үлкен бақытымыз да деп жиынымызды аяқтадық.

2022 жылдың ақпан айында Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Парасаттылық мәдениетін ілгерілету бойынша 2021 жылға арналған кешенді жоспарына сәйкес .Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында 3-11- сыныптардың жетекшілері «Адал бол, біл, адалдық – киелі !» тақырыбында бейне дәрістерін, өскелең ұрпаққа адалдық және парасаттылық құндылықтарын, сыбайлас жемқорлықтың теріс салдарын түсіндірді.

ҚР Президентіне бағынатын және есеп беретін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі тәуелсіз уәкілетті орган – ҚР-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің құрылғанын, мемлекеттік қызметтің «мансаптық» моделіне көшу қамтамасыз етілгендігін, мемлекеттік қызметшілердің тиімділігін бағалау жүйесі түбегейлі қайта қарастырылатынын, жергілікті және орталық мемлекеттік органдарда әдеп жөніндегі уәкілдер институты құрылғанын, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген, оларға теңестірілген адамдарға және олардың отбасы мүшелеріне қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты сыйлықтарды алуға және сыйға тартуға толық тыйым салу көзделгені жөнінде айтты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту тәсілдері мынадай міндеттерді орындау арқылы іске асырылатынын атап көрсетті:

- сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлықтың мүмкіндіктерін жою;
- жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жетілдіру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда азаматтық қоғамның рөлін күшейту;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырудың тиімді мониторингін қамтамасыз ету;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметін одан әрі жетілдіру екені түсіндірілді. Әрбір өткізілген іс-шараға анықтама жазылып, суретке түсіріліп, материалдары жинақталды.

2021 жылдың 13 қазан күні Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Парасаттылық мәдениетін ілгерілету бойынша 2021 жылға арналған

кешенді жоспарына сәйкес, «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының мектепішілік сайысын өткізіп, жеңімпаз топ аудандық байқауға қатысып Алғыс хатпен оралды.

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында «Экстремизм және терроризм: ұғымы, мәні, көріністер формасы» тақырыбында 9,10-сынып оқушыларымен кездесу өтті. Мақсаты оқушыларға экстремизм, терроризм туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру. Кездесу барысында дін істері басқармасының теолог маманы А.Бектұрғанов оқушыларға дәріс оқыды. «Экстремизм» ұғымы – латынның *extremus* сөзінен шыққан, аударғанда «соңғы, ақырғы», тәртіпсіздікке азғыратын, азаматтыққа бағынбайтын, лаңкестік әрекеттер мен партизандық соғыс әдістерін пайдаланатын, «көзқарастар мен әрекеттерге соңына дейін берілген адам» деген мағынаны білдіреді. Мұндай топтағы адамдар ымыраға келуді, келіссөз жүргізуді, келісім жасауды қабылдамайды. Экстремизмді қай қырынан қарасақ та, ол терроризмнің идеологиялық бастауы болып есептеледі. Ол терроризмге идея беріп, оны рухани тұрғыдан нәрлендіріп отырады, террористер мен лаңкестік әрекеттерді «кек алу» немесе «қасиетті соғыс» деген желеулермен ақтайды. Сондықтан, террористер жасап отырған барлық әрекеттерге экстремизм жауапты деген тұжырым дұрыс болып табылады. Діни экстремизм мен терроризмнің мақсаты еліміздің береке, бірлігін тұтастығын, бейбіт мамыражай күндерін қандай жолмен болсын «ұрлау» болып табылады. Елімізге сырттан келген діни ағымдар күн өткен сайын халық тарапынан тойтарысқа ұшырауда. Жалпы, қазақстандық қоғам радикализмге жетелейтін бұл жат ағымға теріс көзқараста. Осы себепті бүгінгі күнде еліміздегі жат ағым жақтастарының саны азайып жатқандығы жайында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. "Террористік фактісінің қауіпі туындаған немесе террористік фактісі жасалған жағдайдағы әрекеттер туралы" стенді ілініп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ата-аналар чатына салынды, мұғалімдер, оқушыларға жаднамалар таратылды .

2.Рухани-адамгершілік тәрбие:

«Оқуға құштар мектеп» бағдарламасы бойынша "Балалар жазғы каникулда", "Кітапты бірге оқимыз" мектеп кітапханашысы А. Мыңжасарова және сынып жетекшілері жұмыс жүргізді. Осы жоба аясында оқушылардың жақсы кітаптарды оқуына жағдай жасап, кітап оқуға құштарлығын ояту мақсатында "Bilimshini.kz"-республикалық педагогтар мен оқушылар сайтында "Каникулда кітап оқимыз" марафоны қолға алынды. Аталған марафонда 2-11- сынып оқушылары жас ерекшеліктеріне қарай таңдалған кітаптардың электронды нұсқасында ашылған кітапты жүктеп алып

оқыды. Байқауға оқырмандарымыз қызығушылық танытып, асқан белсенділікпен қатысты шығармалар жинағы болды. Мектеп оқушылары жазғы каникулды құр босқа жүріп өткізбей қызықты кітаптар оқып, өздерінің кітап оқуға деген құмарлықтарын оятып, шығармашылықтарын шыңдауда 3-Сапаралы Аяна, Оразбек Айзере, Оразбек Ақтөре, Әлібек Айтолқын, Суярбек Алтынай 4 – Тынышбек Сымбат, Бидайбек Іңкәр, Оралбай Жанель, Бауыржан Балсезім, Оразбек Ақсезім, Ажықабыл Қазына 7-сыныптан Құттыбай Асылайым, Тұрарбек Мақпал, Орынбек Балнұр жазғы каникулды тиімді өткізетінін және кітапты сүйіп оқитындықтарын көрсетті. Кітап оқу мәртебесін көтеріп, балалардың үйде отырып жақсы кітаптарды оқуына ықпал жасап отырған ата-аналар да көркем әдебиеттерді оқуға деген қызығушылықтарын танытты. Жазғы каникулда кітап оқу- балалардың кітапқа деген белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың қиялын және шығармашылық қабілеттерін дамытады. "Жаз қызығы кітаппен" дегендей кітапханада балалармен жазғы каникулды қызықты әрі әсерлі өткізу мақсатында түрлі ойындар, жұмбақтар, жаңылтпаштар мен сөзжұмбақтар шешіп, көңілді әдеби серуендер ұйымдастырылды. Сондай-ақ түрлі өлеңдер оқып, оқыған кітаптары бойынша пікір алысты. Нәтижесінде көп оқыған, білгір, белсенді оқушылар сыйлықтармен марапатталды.

Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай "Қазақ балалар әдебиетінің атасы" атты 5-7- сынып оқушыларымен әдеби-танымдық кеш өткізілді. Алғашқы ұстаз, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығын таныстырумен қатар әңгімелері арқылы оқушыларды имандылыққа, адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу мақсатында өткізілген шарада оқушылар ақын өлеңдерін жатқа айтып, әңгімелерінен сахналық қойылым дайындап, көрсетті. Кештің өту барысында кітапхана меңгерушісі ақын шығармашылығынан жасалған "Ұлы даланың ұлы ұстазы" атты кітап көрмесімен таныстырды. Кеш соңында оқушылар ақынның "Өзен" өлеңінен буктрейлерді тамашалады. Осы орайда өлеңді талқылап, өз пікірлерін ортаға салды. Танымдық кеш оқырмандар үшін әсерлі өтті.

А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай "Ахмет - ұлт ұстазы" тақырыбында қазақ тілі мен әдебиеті пән әдістемелік бірлестігінің ұйымдастыруымен онкүндік іс-шара өтті. 5-8-сыныптар арасында «Төл туындыға айналған «Қырық мысал» тақырыбында А.Байтұрсынұлының мысал өлеңдерінен көрініс сайысы ұйымдастырылды. Мақсаты: ұлт ұстазының аудармашылық қасиетін насихаттау, мысал өлеңдерінің тәрбиелік мәнін ұғындыру. Сайыс барысында «Қартайған арыстан», «Шал мен жұмыскер», «Қайырымды түлкі», «Егіннің бастары» сынды мысалдарынан көрініс көрсетті. 5-9- сынып оқушылары «Ұлт ұстазымен үндесу» тақырыбында челлендж ұйымдастырды. 9-сыныптар арасында «Ұлт көсемі» тақырыбында зияткерлік сайысы өткізілді. 2 кезеңнен

тұратын сайысқа

7-8-сыныптары қатысты. Сайыстың 1-кезеңінде

А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығынан құрылған сұрақтар қойылды. Жауаптар 10-50 ұпай арасындағы бағалау шкаласы арқылы бағаланды. 2-кезеңде мақал-мәтелдердің жалғасын тауып, жұмбақтардың шешуін тапқырлықпен шеше білді. 1-орынды 220 ұпай санымен 9 - сынып оқушылары, 2-орынды 200 ұпай санымен 10 - сынып оқушылары алса, 3-орынды 60 ұпай санымен 8 - сынып оқушылары иеленді. Сонымен қатар 8-сынып оқушылары арасында гугл тест тапсырмалары алынды. Тест сұрақтарына ақынның өмірі мен шығармалары, аудармалары енді. Тест белгілеуге 10 минут уақыт берілді. Ізгілікті пәндер бойынша әдістемелік бірлестік жетекшісі Г. Исабаева мен қазақ тілі пәнінің мұғалімі Г. Оңалбекова мұғалімдерге «Эссе жазу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында шеберлік сағатын өткізді. Эссе жазудың жолдары, әдістері, эссе құрылымы туралы айтылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Дәріс соңында мұғалімдерге гугл формада эссе жазу жолдары жайында тест сұрақтары беріліп, жоғары балл жинаған ұстаздар сыйлықтармен марапатталды. А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығын насихаттау, оқу жылдамдығын анықтау мақсатында 1-4-сыныптарының үздік оқушылары арасында А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығын минутқа оқып, оқу жылдамдық жарысы өткізілді. 5-9-сынып оқушылары «Ғасыр саңлағы» тақырыбында А.Байтұрсынұлына арнау шығарып, ақынға арнаған арнау өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқыды. Іс-шараның жабылу салтанатында белсенді қатысқан оқушылар арнайы диплом, алғыс хаттармен марапатталды. Барлық іс-шараға қатысып, жоғары дәрежелі орындар алған 5-10- сыныптары «Үздік сынып» номинациясын иемденді. XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының, оның ішінде А.Байтұрсынұлының басынан кешкен қиын-қыстау тағдыры баяндалатын, ұлт мұраты жолында жасаған дамылсыз әрекеті насихатталатын «Ахмет-ұлт ұстазы» сериалынан үзінді көрсетілді. А.Байтұрсынұлы - қазақ үшін қасиетті есім. Ол қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. Келешек ұрпақ халқымыздың рухани көсемін ұмытуға тиіс емес!

Мектеп кітапханасында "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Кітап-алтын қазына" атты онкүндік іс-шарасы өтілді. 2022 жылы Ұлт ұстазы, Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150жыл толуына орай,ақын шығармалары "Бір ел-бір кітап" акциясы бойынша таңдауға түскен. Аталмыш іс шараның жоспарына сәйкес Қоғам қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ағартушы, ұлт ұстазы

А.Байтұрсынұлының шығармашылығынан, еңбектерінен кітапханада жасалған "Қазақтың рухани көсемі" атты кітап көрмесімен оқушылар таныса отырып, ақынның өмірбаяны туралы,қоғамдық қызметтері мен ақындық шығармашылығы туралы тың деректерден мағлұмат алды. Шолу барысында оқушылар ақын өлеңдерін, мысалдарынан жатқа айтып, ұлағатты сөздерін

талқылады. Сондай ақ, оқушылар ұлт ұстазының шығармашылығынан жасалған буктрейлерді тамашалады.

Оқуға құштар мектеп жобасы аясында 23 сәуір- Халықаралық кітап және авторлық құқық күні қарсаңында "Кітап-алтын қазына" атты мектепішілік онкүндік өткізілді. Іс-шаралар жоспарлы түрде тізіліп, алғашқы күні кітапқа презентация жасалып, кітап көрмесі таныстырылды.

Алғыс айту күні мектепте "Алғысым шексіз" деген ыстық ықыласты, ризашылық сезімдер білдірген қуанышты сәтті күн болды. " 1 Наурыз - Алғыс айту күні"-өз Отанына, өз еліне деген кіршіксіз құтметі мен ата-анаға, ұстаздарға, жақсы-жайсандарға алғысын айтар әрбір адам бүгінгі мерекеге аса мән берері хақ. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Құмабековтың ұйымдастыруымен «Алғыс айту парызым» атты мерекелік кеш болып өтті. Кеш барысында сынып оқушылары ата-аналарына, ұстаздарына деген ыстық лебіздерін, ризашылық сезімдерін ән айтып, би билеп, тілек өлеңдерімен жеткізді.

Ата-аналарға, ұстаздарға мерекелік ашық хаттар таратылып, мектептің педагог-психологы "Өмірдің мәне неде" деген тренинг өткізді. Ұстаздар шәкірттеріне ризашылық білдіріп, кеш өте әсерлі өткендігін жеткізді.

Адами әлеуетті дамыту бөлімінің № 16 санды хатын басшылыққа ала отырып ағымдағы жылдың 19 қаңтар - 19 ақпан аралығында "Өзін-өзі тану -адамгершілік бастауы" тақырыбы айдарымен айлықтың ашылу жиыны өткізілді. Мақсаты мектепте "Өзін-өзі тану" рухани адамгершілік білім беруді оқу-тәрбие үдерісіне интеграциялау арқылы (өзін-өзі тану пәніне басқа пәндерді кіріктіріп сабақ өту) барлық пәндердің біртұтас оқытылуын қамтамасыз ету,жалпыадамзаттық құндылықтарды білім берудің басты қағидасына айналдырып,оқушылардың шығармашылық белсенділігін,танымдық қызығушылықтарын арттыру. Айлықтың ашылу салтанатты жиынына 1-11-сынып оқушылары қамтылып, 7-сынып оқушылары жетекші Г.Бейсенбаеваның ұйымдастыруымен ашық тәрбие сағатын өткізді.

"30 жылдыққа-30кітап" Оқырмандардың белсенді өмірлік ұстанымдарын жаңаша қалыптастырып, олардың білімге, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және ой-өрісін жан-жақты кеңейту мақсатында 6-10 -сыныптар арасында. Бұл шығарма "Тәуелсіздіктің 30 жылдығына -30 кітап" рухани-мәдени акциясы бойынша жыл таңдауына алынған кітап болатын. Мектеп кітапханашысы 9-10-11 сынып оқушыларына жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы айтып, кітап көрмесімен таныстырды. Жазушының «Отамалы» әңгімесіндегі шығарма идеясына, сюжеттік байланыстар мен шығарманың шарықтау шегіне тоқталып, жалпы шығарма желісін талқыға салды.Оқушылар іс шара барысында алған әсерлері туралы ой бөлісті.

3. Ұлттық тәрбие

«5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдер күні мерекесі» ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы №689 «Қазақстан Республикасында мереке

күндер тізбесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес А.Байтұрсынұлының туған күні – Қазақстан халқы тілдері күні болып бекітілді. Бұл күн – «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл», - деп ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры, тілі үшін күрескен Алаш арысы, Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының туған күні! Осыған орай, 2021 жылдың 5 -11 қыркүйек күндері аралығында «Тәуелсіздік тұғыры – мемлекеттік тіл» тақырыбында тілдер әдістемелік бірлестігі апталығын өтізді. 6 қыркүйек күні «Тәуелсіздік тұғыры – мемлекеттік тіл» тақырыбында 6-сынып оқушыларының қатысуымен «Тілдер» апталығының ашылуы болып өтті.

Апталықтың ашылуында 6-сынып оқушылары ана тіліне деген ерекше құрметтерін жыр-шумақтар арқылы жеткізді. 7-8 қыркүйек күндері аралығында 1-11-сыныптар арасында «А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің атасы» айдарымен бұрыш ұйымдастырылып, «Тілге құрмет – елге құрмет» тақырыптарында тәрбие сағаттары өтілді. Мақсаты: қазақ тіліне деген құрметті арттыру, мемлекеттік тіл мәртебесін сақтау, дамыту.

9 қыркүйек күні «А.Байтұрсынұлы және қазақ қоғамы» тақырыбында 9-сынып оқушылары-мен дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстел әдебиет зерттеушісі А.Байтұрсыновтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін, рухани мұрасын кең көлемде дәріптеу, жас ұрпақ бойына ұлттық болмысты қалыптастыру, елі мен жерін сүюді, тілін сүюді, мемлекеттік тілдің дамуына қызмет етуді қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды. Дөңгелек үстел қазақ тіл білімінің негізін қалаған ұстазымыз, А.Байтұрсынұлының өмірі мен қазақ қоғамы үшін атқарған еңбектері жайында бейнежазбаны тамашалаудан басталды. А.Байтұрсынұлының ерен еңбектері талқыланып, 10-сынып оқушысы Мырзахан Меруерт «А.Байтұрсынұлы – Алаш арысы» тақырыбында баяндама оқыды. Сондай-ақ, «Алаш көсемі – А.Байтұрсыновтың мұрасын қазіргі таңда қаншалықты насихатталып жүр?», «Ұлы ағартушының қазақ қоғамы үшін атқарған қандай ерен еңбектерін білесіздер?» сынды сұрақтар аясында оқушылар арасында пікір алмасу жүргізілді. 10 қыркүйек күні 5-7-сынып оқушылары арасында «Тілім – таусылмас жырым» тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы өтті. Сайыс нәтижесінде ерекше мәнерімен, жатқа оқу шеберлігімен көзге түскен үздік оқушылар арнайы жүлделі орындармен марапатталды. «Тіл – ел байлығы» тақырыбында 8,9,10-сынып оқушылары арасында эссе жазу байқауын өткізді. Оқушыларды арнайы эссе жазу тәртібі мен бағалау критерийлерімен таныстырып, эссе жазу талаптарын түсіндірді.

21.02-27.02. 2022 күндер аралығында орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша «Мы любим литературу и изучаем великий русский язык» атты пәндік апталық өтілді.

Аталған апталыққа 2-10 -сынып оқушылары, сынып жетекшілері, орыс тілі пәнінің мұғалімдері қатысты. Апталықтың жоспары түзіліп, мектеп директоры бекітті.

Апталықтың бірінші күні 6 «А»- сынып оқушыларының қатысуындағы көрініспен ашылды. Сонымен бірге сыныптар арасында «Язык всем знаниям и всей природе ключ» атты лингвистикалық ойын ойнатылды. Ойын барысында оқушылар орыс тілі пәніне қатысты сұрақтарға белсенді жауап берді.

Іс-шараның екінші күні пән мұғалімдері З.Умирбекова мен Л.Усербаеваның ұйымдастыруымен 3-10- сынып оқушылары арасында «Мой малый – мой огромный мир» тақырыбында орыс ақындарының өлеңдерін мәнерлеп жатқа айту сайысы өткізілді. Сайыста бастауыш сынып оқушылары белсенділік танытты.

Апталықтың үшінші күні орыс тілі пәні мұғалімі Ф. Кратованың ұйымдастыруымен 4-10- сыныптар арасында қабырға газеті мен «Всех скороговорок не выговоришь, не перевыговоришь» тақырыбында 5-7 -сыныптар арасында жаңылтпаштар сайысы болып өтті.

Апталықтың қорытынды күні апталықтың жабылуы мен марапаттауы болып өтті. Апталыққа жақсы, белсенді қатысқан сыныптар мен оқушылар марапатталды. Апталық өз дәрежесінде өтті.

28 қыркүйек – қазақтың заңғар жазушысы М.Әуезовтің туған күніне орай тілдер әдістемелік бірлестігінің ұйымдастыруымен «Қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы» тақырыбында іс-шара өткізілді. 2021 жылдың 24 қыркүйек күні кітапханашы А. Мыңжасарова «Ұлыдан қалған мол

мұра» тақырыбында жазушының шығармаларынан кітап көрмесін ұйымдастырды. Мақсаты: қазақ әдебиетінің классигі, қоғам қайраткері, ғұлама ғалымның шоқтығы биік шығармаларын насихаттау, оқырман бойына сіңіру. 25 қыркүйек күні «Абай – дана, Абай – дара қазақта» тақырыбында А.Құнанбайұлының әндерін орындаудан 7-9- сынып оқушылары арасында сайыс өтті. Сайыстың мақсаты қазақ халқының ойшылы, ғұлама ғалым, философ А.Құнанбайұлының әндерін жаңғырту, дәріптеу. Сайыс барысында А.Құнанбайұлының «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде, жарық ай» әндері шырқалды. 26 қыркүйек күні «Ұлттың ұлы тұлғасы – Әуезов» тақырыбында 5-11- сынып оқушылары ұлы жазушыға арнап, өздерінің арнауларын оқыса, 27 қыркүйек күні «Қазақтың ұлы жазушысы – М.Әуезов» тақырыбында 5-11- сыныптары арнайы тәрбие сағаттарын өткізді.

Тәуелсіздік-халықтың сан ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған қажырлы күресінің өтеуі. Алты алаштың айбынын асқақтатқан Тәуелсіздігімізге 31 жыл толуына орай мектеп кітапханасында "Тәуелсіздік-Мәңгілік елдің мұнарасы" атты тақырыппен ақын -жазушылардың өлеңдерінен 2-11-сыныптар арасында жыр марафоны ұйымдастырылды. Әр сыныптан оқушылар Тәуелсіздік, Отан, Туған жер туралы, Желтоқсан оқиғасының құрбандарына арналған өлеңдерді

жатқа оқып, белсенділік танытты. Кітапхана меңгерушісі "Мәңгі жаса-Тәуелсіз қазақ елі!" және "Желтоқсан оқиғасы-Тәуелсіздік бастауы" атты кітап көрмесіне шолу жасап, таныстырды. Тарих пәні мұғалімі Н.Тоққожаев оқушыларға Желтоқсан оқиғасы туралы және оның себеп салдарына тоқталып, желтоқсанның құрбандары туралы тың деректер айтты.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында бейнелеу өнері түрлерімен шығармашылық бағытта «Қазақстан-туған елім, ұлы өлкем» тақырыбында аудандық көрме байқауына 7-сынып оқушысы Қаламбек Назерке қатысып жүлделі І-орынға ие болып, мадақтамамен марапатталды.

2022 жылдың 18 наурыз күні "Қош келдің, әз Наурыз!" тақырыбында мерекелік іс-шара өтті. БҰҰ-ның бас Ассамблеясының 64-қарарына сәйкес 21 наурыз "Халықаралық Наурыз күні" болып белгіленіп, бүгінгі күнге дейін аталып өтілуде. Наурыз-жылдың басы, күн мен түннің теңелер шағы, береке мен бірліктің, тазалық пен татулықтың тұғырын нығайтып, риясыз шаттық пен қуанышқа бөлейтін ұлы мейрам. Күн мен түн теңелгенде, жаңа ай толықсып толғанда, тұрмыс пен табиғат жаңарғанда жер жүзі жайнап, көк құт көзін ашқан. Іс-шара барысында қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерінен ("Тұсау кесер", "Саумалық") көріністер көрсетіліп, ұлттық билер мен әндер шырқалды. Қазақтың ұлттық тағамдарымен қатар мерекелік ең сыйлы ас- наурыз көжелер дайындалды. Наурыз көжеге қосылатын жеті түрлі дәм молшылықтың, сәттіліктің, байлықтың, бақ пен берекенің белгісі болып табылады. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! деп іс-шара өз мәресіне жетті.

4. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты:

Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау, білу үшін кеңістік құру аясында мектепте түрлі іс-шаралар жүргізілді. Физикалық жаттығулар дене тәрбиесінің негізі болып табылады. Таңертеңгі жаттығу денсаулықты нығайтуға, организмді жетілдіру мен шынықтыруға, жұмыс қабілетін арттыруға жақсы әсер етеді, сондықтан күніге таңертеңгілік бой жазу жаттығулары өткізіледі.

06.09.2021 жылы Қазақстан Салауатты бағыты бойынша оқушылардың ептілігін, шапшандық қабілеттерін дамыту мақсатында дене шынықтыру пәні мұғалімдерімен 5-сыныптар арасында «Көңілді сөре» эстафеталық жарыс өткізілді. 12.11.2021 жылы «Өзін-өзі басқару» ұйымы мүшелерінің қатысуымен оқушылар арасындағы нашакорлық пен темекі тартудың алдын алу және оған қарсы амалдарын қарастыру мақсатында дөңгелек үстел өткізілді. 9.12.2021ж “Темекі -денсаулыққа өте қауіпті!” тақырыбында жасөспірімдер арасында зиянды заттардың /темекі, электронды темекі/ қауіптілігі жайында ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету мақсатында ата-аналарға

жасөспірімдер арасында электронды темекінің бала ағзасы мен өміріне қауіпті екендігін көрсету мақсатында видеоролик көрсетіліп, жадынамалар таратылды.

1 наурыз күні Азаматтық қорғаныс күні өткізілді. Іс шараға барлық оқушылар түгелімен қатысты. Жиын барысында мектеп директоры Б.Қынатбеков сөз сөйлеп, жиынды ашты. АӘЖТД пәнінің жетекшісі Р. Тулебаев оқу жаттығу жиыны мен түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Қандай жағдайда төтенше жағдай орын алатындығы туралы, одан қорғанудың жолдары, дабылдың түрлерімен таныстырып өтті.

5.Зияткерлік, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

«Ұшқыр ой алаңы» тақырыбында оқушылар арасында пікірталас, дебаттар өткізілді. (дебат қозғалысы жобасы) Киберқауіпсіздік, кибергигиена, кибермәдениет мәселелері бойынша мектепте семинар, дөңгелек үстелдер мен дебаттар өткізілді. (қауіпсіз интернет жобасы) «Жасөспірімдердің интернеттегі мінез құлқы және қарым қатынасы» тақырыбында пікірталас өткізілді.

7-8 -сынып оқушылары ауданымыздағы тарихи орындарға саяхат жасау мақсатында, «Ақмешіт» тарихи орнына, «Аппақ ишан» аудандық көркем сәулет мұражайына, 5-6-сыныптың озат оқушылары Бәйдебек ата, Домалақ ана кесенелерінде болып қайтты. Оқу-тәрбие саласындағы ақпараттар уақытылы, тұрақты жүргізіліп отырды.

"Өзін-өзі басқару" күнін ұйымдастыру барысында Республикалық бірыңғай "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының кезекті отырысы өткізілді. "Өзін - өзі басқару" президенттері мен орынбасарлары "Үздік сынып", "Үздік оқушы" байқауын ұйымдастырды.

Мектепте пікірталас, дебат, интеллектуалды зияткерлік ойындар жүргізіліп отырды.

Ғылым үшін туған күн!

12 сәуір - Ғылым үшін туған күн,

12 сәуір - Қаныш аға туған күн,

12 сәуір - біздер үшін туған күн!

Дәл осы ұранмен 2022 жылдың 12 сәуір күні ғарышкерлер күніне орай «Ғарышты бағындырған Қазақстан» Физика және информатика пән бірлестігінің ашық есік күнін өткізді. Мақсаты оқушыларға ғарышкерлер өмірін, ғылым жолында атқарған еңбектері мен ғарышкерлер жайында насихаттау. Физика пәнінің мұғалімі Ә. Иманбердиеваның ұйымдастыруымен әр үзіліс барысында оқушыларға таныстырылым жасап, оқушылар ғарыш әлеміне саяхат жасады. Планеталар жайлы сыр шертті.

Мектепішілік "Бастау" турнирі өткізілді. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 5-бабы 29) тармақшасына сәйкес, 20 сәуірде бастауыш сынып оқушыларының білімдерін дамыту және дарынды оқушыларды қолдау мақсатында 2-4-сынып оқушыларына арналған XV

республикалық математикалық «Бастау» турнирінің мектепшілік кезеңі өткізілді.

Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойына орай "Ер мен елдің жеңісі" тақырыбымен 9- сынып оқушылары арасында Қазақстан тарихы бойынша интеллектуалды сайыс өтілді. Сайысқа жоғары дайындықпен келген оқушылар тақырыпқа сай жобаларын таныстырып, Қазақ тарихы туралы сұрақтарға жауап берді. Тартысты өткен білім бәйгесінде "Тұмар" тобы-I орын, "Томирис" тобы -II орын, "Жас қыран" тобы -III орын иемденіп, "Даңқ" тобы- Алғыс хатпен марапатталды. Байқау мақсаты оқушыларды өз бетімен ізденістер жасауға, креативті ойлауға, жан-жақты дамуына ықпал жасау. Мектебімізден қатысқан оқушыларға келесі оқу жылдарында еңбектерін толықтырып, тереңінен ізденіс жұмыстарын жасауды ұсынды.

6.Отбасы тәрбие

Бәйдібек аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің 16.09.2021 жылғы хатына сәйкес мектепте «Халықаралық қарттар күніне» және "Мүмкіндігі шектеулі азаматтар" күніне арналған күнтізбелік кестеге байланысты «Өзін-өзі басқару ұйымының» мүшелері сынып оқушылары зейнеткер Ахметов Тұрсынғали атаның отбасына арнайы ізгі лебіздерімен ат басын бұрды. Мақсаты көнекөз қарияларымызға құрмет көрсету, қамқорлық жасау. Ақзейне апаның оқушылар өмірі жайлы әңгіме жүргізіп, "Қазіргі жастарымыз жайлы ойыңыз қандай?", "Қарттар үйінің" болғаны дұрыс деп ойлайсыз ба?" деген секілді сауалдар қоя отырып, сұхбаттасты. "Қарты бар ел - қазыналы ел",- деп ата-бабамыз текке айтпаса керек. Қарттарға қамқорлық көрсету- біздің халқымыздың санасына сіңген қасиет. Сондықтан көнекөз қарттарымызға тек мерекелерде ғана емес, үнемі құрмет көрсетілуі тиіс. Отбасы күніне арналған "Отбасы – тәрбие ошағы" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. Мұндағы басты мақсат - тәрбиенің ең тамаша үлгісі - отбасы екенін, бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі зор екендігін түсіндіру. Ата-ананы құрмет тұту, бауырға деген сыйластығын жақсарту.

Апталық барысында 1-сынып жетекшілері Г. Усенова, Ж. Блисова оқушыларға бейнероликтер көрсетіп, " Отбасы - алтын дiңгек" тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді. Ашық сабақ соңында оқушылар жүректен шыққан жылы сөздерімен аяқтап, бір-біріне жақсы көңіл-күйді сыйлады.

«Отбасы мықты болса, Отан да мықты». Яғни өнегелі отбасының мәуелі жемісі – саналы тәрбиеленген өскелең ұрпақ болары даусыз тақырыбында тренинг өткізілді. Ендеше тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы екендігін әрбір тәрбиелі азамат өзінің өміріне талдау жасап, мол мәліметтер жинақтап байқайды. Мектеппен үнемі тығыз байланыста жүретін біздің шәкірттеріміздің отбасы ұғынып,ұжымға алғыстарын білдірді. . «Отбасы- тәрбие айнасы» тақырыбында 5-11- сынып оқушыларының қатысуымен «Жайдарман»

өткізілді. "Менің отбасым", «Мен отбасымды мақтан тұтамын», «Ата-ананы құрметтеу-әрбір адамның қасиетті борышы» тақырыбында фотоконкурс байқауы өткізілді. (5-11- сыныптар)

«Отбасы- бақыт мекені» тақырыбында ата-аналар мен оқушылар арасында конкурс ұйымдастырылды. Конкурста 3-4 -сынып оқушылары мен ата-аналары қатысты.

Көркем еңбек пән мұғалімдері Е. Касетов апталық аясында «Танысыңыз-менің отбасым» суреттер көрмесі және дене шынықтыру пән мұғалімі Б. Қонақбаев «Дені саудың- жаны сау» тақырыбында денсулық фестивалін ұйымдастырды

Қысқы демалыс жоспарына сәйкес 08.01.2021ж "Затеи января", "Отбасылық шеберхана" мастер-классы, қысқы демалыс жоспарына сәйкес "Жаңа жылға отбасылық дәстүрлер: бос уақыт,коллекциялар" бейне жобасы өткізілді.

Қайырымдылық жасасаң,Қайырын өзің көресің, — дейді қазақ халқы. Қайырымдылық-адамзат бойындағы ерекше бір қасиет болып саналады. Қайырымдылық ізгіліктің, адамның адамға деген таза ниетін, адамгершілік қарым-қатынасын көрсететін адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен көмегі. Қазіргі таңда елімізде түрлі іс-шаралар мен акциялар, қайырымдылық қорлары арқылы қол ұшын созатын ізгі жандар көбейіп келеді. Қайырымдылық жасауға мемлекет тарапынан да көп көңіл бөлініп отыр. Жақсылық жасайтын жандар әрқашан және әркезде табылады.Осы ордайда апталық жоспарға сәйкес 8-сынып оқушылары мұқтаж отбасы балаларына арналған кішігірім көмектерін көрсетті. Осындай іс-шаралар арқасында мектеп, білім берумен қатар, жас жеткіншектерді Отанға деген мейірімді тұлға ретінде тәрбиелеуде.

"Қыздарға әсемдік жарасады" аудандық " Жастар ресурстық орталығы" КММ-нің ұйымдастыруымен арнайы жоспарға сәйкес аудан деңгейінде білім мекемелерінде қыздар жиынын өткізілу жоспарланған, 9-10-11-сынып аралығындағы оқушы қыздардың қатысуымен қыздар жиыны өткізілді.

7.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие:

Адами әлеуетті дамыту бөлімінің 26.08.2021 жылғы № 900 санды хаттарына сәйкес, жаңа 2021-2022 оқу жылының басталуына арналған салтанатты іс - шара санитарлық нормаларды сақтай отырып, мектеп спорт залында 1-сынып,4-сынып, 9-сынып, 11-сыныптардың және Бәйдібек аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдіскері Г. Біттібаеваның қатысуымен өткізілді. Бірінші сынып оқушылары үшін оларға "Әліппе" алғашқы оқулығы табысталды. Қалған сыныптарда 1 - қыркүйек Білім күніне арналған Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай "Тәуелсіздік шежіресімен жетістігі" тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Сынып сағаттары әр сынып үшін жеке кабинеттерде санитарлық талаптарды сақтай отырып өткізілді.

Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдау мақсатында, жастардың уақытын тиімді ұйымдастыру бағытында өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Алтын күз» апталығы өткізілді. «Экибана», «Күз ханшайымы» номинациясы бойынша 7 сынып оқушылары Болат Арман мен Қаламбек Назерке жүлделі орынға ие болып, I дәрежелі дипломымен марапатталды.

"Мен Елбасымен мақтанамын!" тақырыбында патриоттық әндер байқауы өтілді. Халықтың рухын көтеріп, азаматтық белсенділігін арттыруда патриоттық бағыттағы әндердің маңызы зор. Сондықтан бұл байқауды өткізудегі мақсатымыз өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезімін қалыптастырып, бабаларымыздың ерлігін насихаттау. Жарысқа 1-11- сынып оқушылары қатысты.

7-11- сынып оқушылары арасында өткен Ілияс Жансүгіров оқуларына белсене қатысқаны үшін 7- сынып оқушысы Құттыбай Асылайым II орынмен марапатталды.

2021 жылдың 29 қараша күні ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы аясында “Өнерім саған, Тәуелсіз Қазақстаным!” тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Мақсаты Жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік сезім ұялату ҚР Тәуелсіздік кезіндегі жетістіктерімен таныстыру, еліне, жеріне деген патриоттық сезімін қалыптастыру.

«Төрлет, құтты Жаңа жыл» және «Жасыл шырша» мерекесін өткізу мен қысқы каникул кезіндегі қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етілді.

Өнерлінің өрісі кең... ҚР "Білім туралы" Заңының 6-бабына және Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының 24.11.2021 жылғы 365-бұйрығына және адами әлеуетті дамыту бөлімінің 25.02.2022 жылғы 63-бұйрығына сәйкес жалпы (негізгі) білім беру ұйымдарының арасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне 30 жыл толуына орай "Тұлпар мініп, ту алған" тақырыбында аудандық өнер фестивалі өтті. Көркем сөз, ән, би, драма және сатира жанры бойынша көрініс жанры бойынша өнер көрсеткен шәкірттеріміз жеңіс тұғырынан көрініп, «Көркем сөз» жанры бойынша Құттыбай Асылайым, Ақылбек Құндыз Алғыс хат иеленді. Сонымен қатар жас өнерпаздарды дайындаған жетекшілеріміз арнайы мадақтамамен марапатталды.

«Алғысым шексіз!» Наурыз айының алғашқы күні мектебімізде ұстаздар мен оқушылардың мерекелік құттықтауы, бір-біріне ыстық ықылас пен ризашылық сөздерімен бастау алды. 1 наурыз- Жер дүниені түлетіп енетін көктеммен қатар келетін Алғыс айту күні. Алғыс айту күні – қайырымдылық дәстүрлерін, әлеуметтік ынтымақтастықты және өзара көмек көрсетуді қолдау күні. Осыған

орай бір мезгіл ыстық тамақ ішетін балаларға демеушілер атынан балғын жеміс-жидектер үлестірілді. "Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзін көрерсің!" демекші, демеушілерімізге шексіз алғысымызды білдірдік. А.Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай «Ахмет Байтұрсынов-ұлтымыздың ұлы ұстазы» тақырыбында ізгілікті пәндер бірлестігінің жетекшісі Г. Исабаевның ұйымдастыруымен өткізілген онкүндік барысында « Ұлтымыздың ұлы ұстазы» тақырыбында стенді шығарылды. Сынып жетекшілері тәрбие сағаттарын өтті, газет беттеріне мақалалар жарияланып, 7 -10 сынып аралығында « Ахмет - көсемсөз шебері» тақырыбында Эссе байқауы өтіліп, нәтижесінде 10 сынып оқушысы Мырзахан Меруерт 1 орын, 9 сынып оқушысы Қалдыиса Балнұр 2 орын, 7 сынып оқушысы Құттыбай Асылайым 3 орын иеленіп мақтау қағазымен марапатталды

8.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие:

Көркем еңбек пәнінің мұғалімі Л. Онбаева 5- сынып қыздарымен «Көркемдік кестемен бұйымды безендіру» ашық сабағын өтті. 08.04.2022 жылы «Қыл қалам» үйірме жетекшісі Е. Касетов "Табиғат-ел байлығы" атты суреттер байқауын өткізді. Бұл байқауға 1-5- сынып оқушылары жақсы атсалысты. Сурет сайысы: «Бояулар сөйлейді» тақырыбында өткізілді.

Сенбілік жұмыстары «Мектеп менің екінші үйім» тақырыбында тазалық жұмыстары жүргізілді. Мектепшілік «Ағаш егу» акциясына мектеп оқушылары белсене қатысып, мектептің көгалдануына өз үлестерін қосты, сонымен қатар мектепшілік «Табиғат әлемі балалар көзімен» көрме байқауы өткізілді. Экологиялық жағдай және оның адам денсаулығына әсері туралы хабардар ету, экологиялық сана негізінде құрылатын қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру, оқушыларының қоршаған ортаны экологиялық-эстетикалық қабылдауын дамыту, адам мен табиғат арасындағы байланыс, табиғатқа жауапкершілікпен қарау, қоршаған ортаны сақтау қажеттілігін түсіну мақсатында сынып сағаттары өткізілді. Сонымен қатар санитарлық-эпидемиялық талаптарды сақтай отырып тазалық күні өткізілді. Экологиялық жағдай және оның адам денсаулығына әсері туралы хабардар ету, экологиялық сана негізінде құрылатын қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру, оқушыларының қоршаған ортаны экологиялық-эстетикалық қабылдауын дамыту, адам мен табиғат арасындағы байланыс, табиғатқа жауапкершілікпен қарау, қоршаған ортаны сақтау қажеттілігін түсіну мақсатында сынып сағаттары өткізілді. «Қызықты өсімдіктер әлеміне саяхат» тақырыбында кітаптар көрмесі ұйымдастырылды.

2021-2022 оқу жылындағы марапаттар :

1.7-11- сынып оқушылары арасында өткен Ілияс Жансүгіров оқуларына белсене қатысқаны үшін 7- сынып оқушысы Құттыбай Асылайым ІІ орын иеленді

2. Жолшыбеков Еркебұланнның жетекшілігімен облыстық «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялар байқауының облыс кезеңінде 9-сынып оқушысы Асембек Нұрислам Романұлы жүлделі ІІІ -орын иеленді.

3. Аудан мектептері арасында өткен «Тұлпар мініп,ту алған» айдарымен өткізілген өнер фестивалінде «Көркем сөз» жаныры бойынша Құттыбай Асылайым, Ақылбек Құндыз Алғыс хат иеленді.

4.Дене тәрбиесі пәні бойынша Республикалық Ұлттық мектеп лигасы спорт түрлері жарыстарының аудандық кезеңінде баскетбол ойынынан мектеп намысын қорғаған 9- сынып оқушы **Қыздар** командалық есепте ІІ орын алды.

5.Дене тәрбиесі пәні бойынша Республикалық Ұлттық мектеп лигасы спорт түрлері жарыстарының аудандық кезеңінде баскетбол ойынынан мектеп намысын қорғаған 6- сынып оқушы **Ұлдар** командалық есепте ІІІ орын алды.

7. Қазақша, Дзюдо, күрес Волейбол үйірмесіне қатысатын оқушыларымыздың аудандық облыстық республикалық жарыстардан жүлделі орыннан көрініп келеді. Мектебіміздің жыл қорытындысы бойынша «Жылдың үздік спортшысы» номинациясымен 10 сынып оқушысы Қалмахан Аяулым марапатталды.

2022-2023 оқу жылы

1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: білім алушылардың бойында патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана-сезім; тұлғалық еркіндік құндылығын; адамаралық және топаралық төзімділік құндылығын; зорлық зомбылық пен агрессияға жол бермеу; меншік пен материалдық молшылық құндылығын; еңбекті құрметтеу; өмірге деген құрмет сезімін; түрлі кемсітушілікке жол бермеу, адамдардың теңдік құқығы идеясының принципін қалыптастыру.

Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет! 2022 жылдың 1 қыркүйек күні адами әлеуетті дамыту бөлімінің 22.08.2022ж. №976 хатына сәйкес «1 қыркүйек – Білім күні»мерекесіне орай жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында жағымды көңіл күй, оң көзқарас қалыптастыру мақсатында «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық

қасиет» тақырыбында салтанатты жиын өтті. «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында 1-11- сыныптар бірыңғай сынып сағаты өткізді. Сынып сағатында Қазақстанның жаңа басымдықтарын талқылауға, білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбекқорлық қасиеттерінің адам өміріндегі рөлін талқылау басты назар аударылды. Сонымен қатар сынып сағатына кәсіби тұрғыда жетістіктері бар, еңбексүйгіш, білімге деген ұмтылыс, отансүйгіштік құндылықтарының жарқын көрінісі болған қонақтар шақырылды. Сынып сағатында білім алушылар жазғы демалыстан алған әсерлерімен бөлісті. Сабақ барысында жаңа технологияларды, қосымша көрнекі құралдар, кітапхана ресурстары қолданды.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің бастамасымен «1 қыркүйек – Білім күні» мерекесіне орай, ел аумағындағы барлық білім беру ұйымдарында дәстүрлі түрде бірыңғай «Адалдық сағаты» 1 қыркүйек күнге жоспарланды. Адалдық сағаты барысында директордың бейінді оқыту жөніндегі орынбасары Ф. Кратова баяндама оқыды, оқушыларға сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша, жан- жақты түсіндіріп, оқушылардың сұрақтарына жауап берді. Адалдық туралы өзіндік ой-пікірлерімен бөлісті. Сонымен қатар, адалдық сағатында тақырыптық бейнероликтер көрсетілді. «Білім күніне» байланысты өтетін шарада өскелең жас ұрпақтың бойына адалдық, парасаттылық, әділдік және сенім құндылықтарын қалыптастыру маңыздылығы ескерілуі қажет. Өткізілген шараға адами әлеуетті дамыту бөлімі қызметкерлері, халық арасында абырой, құрметке ие белсенді азаматтар мен зейнеткерлікке шыққан педагогтар мектеп демеушісі «Қамқоршылық кеңес» төрағасы Е. Мырзабеков шақырылды.

Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша 12.09-10.10.2022 жыл аралығында айлық өткізілді. Кәмелетке толмағандар арасындағы келеңсіз жағдайлардың алдын алуда бірқатар профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

- ✓ ішкі істер органы қызметкерлерімен бірлесіп кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта жүруінің алдын алу бағытында жоспар түзіліп, рейдтік іс-шаралар жүргізілді;
- ✓ электр сымдарын қолдану барысы мен қауіптері жөнінде БАҚ-тар мен әлеуметтік желілердегі парақшаларда жарияланды;
- ✓ улы газбен уланудың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді;
- ✓ учаскелік полиция қызметкерлерімен бірлесіп елді мекендердегі ашық септиктер, кәріз құдықтарын анықтап, көпқабатты үйлердің терезелеріне темір тор орнату қажеттігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді;

аудан көлеміндегі өзен-су айдындарының барлығы қауіпті аймаққа жатқызылатынын ескертіліп, оқушылар мен ата-аналарға арнайы жаднамалар таратылды.

Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың, қоғамдық орындарда тәртіп бұзу, келеңсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында, жасөспірімдердің түнгі мезгілде беймезгіл жүруін қадағалау мақсатында Бәйдібек АПБ КТІЖ инспекторлары, МДТІЖО және мектеп мұғалімдерінен құралған кезекшілік кестесімен түнгі көше қозғалысы бойынша кезекшілердің Таңатар ауылындағы орталық көше Ж. Қауымбаев көшесі бойындағы адамдар көп шоғырланатын орындарға, тексеру жұмыстары жүргізіліп, дүкен иелеріне түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 2022 жылдың қазан айында "Абайлаңыз, балалар!" тақырыбында Республикалық акция барысында "Абайлаңыз, балалар!" атты іс-шараларын өткізілді. Басты мақсаты – жол-көлік жарақаттануының алдын алу және жол-көлік оқиғаларын балалардың қатысуымен болдырмау. Акция аясында Бәйдібек АПБ КТІЖ полиция қызметкерлері Е.Жұманов, Ж. Әсілхан "Т. Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебі" КММ-нің оқушыларымен жол-көлік оқиғаларына ұшырау деректерінің алдын алу мақсатында арнайы дәріс сабақтарын өткізді. Онда балаларға жол-көлік оқиғаларының алдын алуға бағытталған бейнероликтер көрсетіліп, жол қозғалысы ережесін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. "Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мектеп пен ата-ана байланысы" тақырыбында ата-аналар жиыны өтті. Жиынға мектепшілік ата-аналар кеңесінің төрағасы Ө. Тұрлыбеков, Бәйдібек АПБ инспекторы Н. Шерниязов және мектептің әкелер, аналар алқалары, мектеп директоры, тәрбие орынбасары, педагог-психолог қатысты. Өскелең ұрпақты заман талабына сай тәрбиелеуде ата-ананың рөлі ең өзекті болып отырғанын, оларға үлкен салмақ артылатынын жеткізді. Жиын соңында ата-аналарға жадынама таратылды.

2022-2023 оқу жылында педагог-психолог Г. Қарымсақованың ұйымдастыруымен өткізілген жұмыстар. «Бестерек» жобасы бойынша аутодеструктивті мінез-құлықты әрекеттердің алдын алу мақсатында Жоба аясында 5-11 сынып оқушыларымен Жеке кеңес беруде: «Мен кімін?», «Люшердің түрлі түсті тесті», «Эмоцияны зерттеуші» техникалары жүргізілді. Бойында қорқынышы бар балалармен: Өз қорқынышыңды бейнеле, сал да өртеп жібер және т.б әдістемелер қолданылды. Қосымша: «Аяқталмаған сөйлемдер» әдістемесі, Қыздар арасында «Қыз әдептілігімен әдемі, инабаттылығымен сәнді» тақырыбында дөңгелек үстел өтілді. Сонымен қатар «Қиын», қолайсыз отбасылардың балаларымен: сабаққа қатысуын, үлгерімін бақылап отыру, бос уақытын ұйымдастыру бойынша жұмыстар атқарылды. 5-11 сыныптарда оқушылардың эмоциялық көңіл-күйлерін, тұлғалық қасиеттерді дамыту мақсатында Аутотренингтер жүргізілді. 10-11 сыныптармен «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?», «Күйзелістен қалай құтылуға болады?» 8-9 сыныптармен «Эмоцияны басқару», «Қиын жағдайлар

мені неге үйрете алады?» тренингі, 6-7 сыныптармен «Пікірталас-жанжал емес!».

«Бестерек» жобасы аясында: ата-аналармен ата-аналарға «Бала мен ата-ананың қарым-қатынасы» тақырыбында баяндама, **«Отбасылық құндылықтар»** тренингі өтілді.

Мектептің педагог – психологы Г. Қарымсақованың ұйымдастыруымен желтоқсан айында құқықбұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы ұйымдастырылып, 16 күндік іс-шара жоспары бекітілді. Жоспарға сай «Зорлық-зомбылықсыз әлем» қабырға газеттері, «Бақытты балалық шақ» тақырыбында ашық тәрбие сағаттары, «Қауіпсіз, зорлықсыз болашақты қалыптастыру» пікірайысы, «Зорлық-зомбылықсыз болашақ» тақырыбында 7-11 сынып қыздарымен дөңгелек үстел, түнгі рейдтер, ата-аналармен тренингтер, т.б ауқымды шаралар өтілді. Кеңес беру бағыты бойынша жеке кеңестер берілді.

29 қазан 2022 ж «Күз бояулары» сурет байқауы өтілді. 2022 жылы 10-12 қараша аралығында «Бала құқығы -адам құқығы» тақырыбында республикалық онкүндік барысында 14.11.2022 жылы «Әр баланың құқығы бар» тақырыбында оқушылар арасында сурет байқауы өтілді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздерінің 30 жылдығына орай ағымдағы жылдың желтоқсан айында «Менің қиялымдағы Қазақстан» тақырыбында сурет салу байқауы өтілді.

«Қыз Жібек» қыздар клубының жұмысы 2022-2023 оқу жылы мектептегі әрбір қыз баланы, ибалылық сақтауға баулу, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәрбие беру. Осыған орай жылдық жоспар түзіліп, бекітілді.

Қыз бала — ұлттың ұяты, халықтың шырайы. Жоспар бойынша қыздар арасында қыздар кеңесі құрылып, әр сыныптан қыздар арасында төрайымдар сайланып, сынып қыздары туралы мәлімет алынды. Айына бір рет қыздар арасында жиналыс өткізіліп отырады. Өткізілген жиналыстарда бастауыш және жоғары сынып бойынша оқушы қыздардың тазалығы, оқу үлгерімі, тәртібі қаралып отырды. Соның ішінде сабақтан себепсіз қалатын, қоғамдық-көпшілік жұмыстарға қатыспайтын, тазалығы, оқу үлгерімі төмен қыздармен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Өткізілген жиналыстардың хаттамалары толтырылып отырылады. Жоспарға сай жиналыстарда қыздар арасында «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда», «Өз басыңның гигиенасын сақтай біл», «Салауатты өмір салты», «Қыз- болашақ ана» рухани жаңғыру аясында «Біліммен жетер мұратқа», «Қыз қылығымен», «Салауатты өмір салты» тақырыптарында баяндамалар оқылды. Мектептің «Қызғалдақ» қыздар клубының жетекшісі Д. Талипованың ұйымдастыруымен 8-11-сынып қыздарымен ауқымды жиналыс өткізілді. 14. 10. 2022 жылы 7-10- сынып оқушы қыздар арасында мектептің психологі Г. қарымсақова ұйымдастыруымен «Өмірім бәрінен де қымбат!» жоспарына сәйкес дөңгелек үстел ұйымдастырып өткізді. «Қыз бала ұлттың

ұяты, халықтың шырайы» атты қыздар жиналысы өтті. әлеуметтік педагог Л. Онбаева, мектеп тәлімгері М. Талбидинова қатысты. Жиында қоғамда қыздар арасында орын алып жатқан ерте жүктілік, өз-өзіне қол жұмсау, зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстау бойынша қыздарға сұрақтар қойылып, келеңсіз оқиғалардың алдын-алу барысы жөнінде кеңестер берілді. Жоғарғы сынып оқушыларының арасында «Көктем аруы-2023» сайысы өткізілді.

«Серілер» ұлдар кеңесінің жұмысы 2022-2023 оқу жылы ер балалар арасында зиянды әдеттердің алдын алу, спорттық іс-шараларға қатыстыру арқылы салауатты өмір сүру салтын насихаттау, өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге тәрбиелеу. Отбасындағы ұл тәрбиесінде әке мен аталардың рөлі ерекше екендігін түсіндіру мақсатында жоспар бойынша төмендегі іс-шаралар жүргізілді. "Ұл бала мен қыз бала сыйластығы" айдарымен Бәйдібек АПБ –нің КТІЖ қызметкерлерімен кездесу өткізді. Мақсаты жасөспірімдердің құқығын қорғау және қылмыстың алдын алу. «Маған өмір керек, мен өмірге керекпін», «Діни теріс ағымдардың алдын алу», «Жігітке жеті өнер де аз», «Ұлдардың жеке бас гигиенасы» айдарымен дәрігермен кездесу. Жасөспірімдермен жекелей әңгіме өткізу, психологиялық ерекшеліктеріне қарай «Тәуелсіздік таңының жұлдызымыз» тақырыбында тренинг өткізді. Сондай-ақ мектеп жасындағы балалардың түнгі уақытта көшеде жүрмеуі, ойын-сауық орталықтарына бармауы және сабақтан тыс кездегі бос уақытын тиімді пайдалану жайындағы ұсыныстарымен жалғасты. Жолда жүру ережелері, бала өмірінің қауіпсіздігі, тәртіп бұзушылық туралы түсінік берілді.

«Ұлағат» әкелер кеңесінің жұмысы - 2022-2023 оқу жылы жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және қараусыз жүруін алдын алу жұмыстарын нығайту мақсатында, жанұялық құндылықтарды күшейту, бала тәрбиесіндегі ата-аналар қауымдастығының, әкелер жауапкершілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңын негізге ала отырып, мектепте «Әкелер кеңесі» құрылған. Мақсаты әкелердің отбасындағы бала тәрбиесіндегі ролін арттыру, ұстаз, ата-ана және оқушы арасындағы байланысты нығайту. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықты болдырмауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру. Осы мақсатта мектебімізде «Ұлағат» әкелер кеңесі өз жұмыстарын жүргізіп жұмыс жасап келеді.

Бірінші отырыста кеңес төрағасы «Әкелер кеңесінің» жұмыс жоспарын таныстырып, кеңес мүшелерін белсене ат салысуға шақырды. Мектепте құрылған әкелер кеңесінің ұйымдастыруымен 7-11- сынып ұл балаларының арасында «Қылмыс пен тәртіп бұзушылықтың болу себебі»

тақырыбында әкелер кеңесінің төрағасы О. Орынбеков әңгімелесу сабағын өткізді. Әкелер кеңесі мүшелерінің ұйымдастыруымен «Біз-Тәуелсіз Қазақстанның салауатты болашағымыз!» тақырыбында отбасылық сайыс өтті. Сайысқа 7-8 сынып оқушылары мен әкелері қатысып, отбасылық сайыс тартысты өтті. Қазан айында әкелер кеңесінің төрағасы О. Орынбеков «Отбасылық қарым-қатынас пен рухани адамгершілік дәстүрлерді қалыптастыру мен сақтаудағы әкенің ролі» тақырыбы аясында кітапханада баяндама жасады.

25 қазан- Республика күні мерекесіне орай мектеп ұжымы мен 8-11- сынып оқушылары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындады. Әнұран – мемлекеттің басты рәміздерінің бірі. Оқушылардың бойына рух беріп, патриоттық сезімдерін арттыра түсті.

2022 жылы 10-20 қараша аралығында «Бала құқығы – адам құқығы» тақырыбында республикалық онкүндік іс-шара жоспары аясында 11.11.22ж. күні «Құқығым бар» тақырыбында эссе жазу байқауы өткізілді. Байқауға 9-10- сынып оқушылары белсене қатысты. Соның ішінде 10-11- сынып оқушылары Әбу Сымбат, Әсембек Нұрисламның, жұмыстары жақсы деп бағаланды.

Адами әлеуетті дамыту бөлімінің №1542 санды хатын басшылыққа ала отырып 2022 жылдың 9- 15 желтоқсан күндері аралығында «16 желтоқсан- Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай салтанатты жиын өткізілді. Мақсаты өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу. «Менің Отаным - менің отбасым» тақырыбында 5-9-сыныптар арасында шығарма жазу байқауы, «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» тақырыбында спорттық жарыстар, «Тәуелсіздік – тірегім» тақырыбында челлендж, 5-9- сыныптар арасында «Тәуелсіздік, биік болсын тұғырың!» тақырыбында патриоттық ән байқауы, «Тәуелсіздік бастауы – желтоқсан» тақырыбында көркемсурет байқауы, сонымен қатар «Тәуелсіздік - ең басты құндылығымыз» тақырыбында кітап көрмелері ұйымдастырылды. Тәуелсіздік жайында сөз қозғаған ақындардың жыр шумақтарымен таныстырып, Тәуелсіздік жайындағы шығармаларды оқушы назарына ұсынды. 14.12.2022жылы күні «Елімнің еркіндігі –Тәуелсіздік» тақырыбында 2-сынып оқушыларын Республикалық бірыңғай «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өткізілді. 2-сынып оқушылары «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының антын орындап, жиынға шақырылған қонақтар, ұстаздар мен «Өзін-өзі басқару» ұйымының мүшелері мектеп әкімшілігі оқушыларға «Жас қыран» ұйымының арнайы галстугі мен төсбелгісін тақты.

25 қазан - Республика күніне орай «Менің арманымдағы Қазақстан» тақырыбында 9-10 -сынып оқушылары арасында эссе байқауы

өткізілді. Мақсаты оқушы бойына патриоттық сезім ұялату, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, шығармашылық қабілеттерін шыңдау. Сайысқа қатысушылар өз армандарындағы Қазақстан келбетін ұшқыр ой - қиялдары арқылы қағаз бетіне түсірді. Эссе жазу барысында өз ойларын нақты жеткізіп, шығармашылық және креативті ойлау қабілеті жоғары оқушылар марапатталды.

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы 2022-2023 оқу жылында 3 секцияда жұмыс істейді.

✓ Жемқорлыққа қарсы білім секциясы- дәрістер, дөңгелек үстел және басқада ағарту шараларын ұйымдастыруға қатысады;

✓ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясы-бейнероликтер мен сурет байқауын өткізуге ұйытқы болады;

✓ Мәдени –көпшілік іс-шаралар секциясы- флешмобтар дайындап қоғамдық ұйым өкілдерімен кездесулер өткізеді.

«Адал ұрпақ» мектеп клубының 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспары бекітіліп, «Парасатты азамат» бұрышы құрылған. Оқушылардың адамгершілігі мен құқықтық мәдениетін жоғарылатуға бағытталған тақырыптық сынып сағаттары, «Құқықтық тәрбиелеуде және құқықбұзушылықтың алдын алу» мәдениетін соның ішінде сыбайластық жемқорлық қалыптастырудағы отбасының рөлі туралы сыныптың ата –аналар жиналысы, «Адалдық жолынан айнамайық» шығарма байқауы, «Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді» адалдық сағаты және «Жемқорлыққа қарсы күрестің тарихы терең» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

МДТІЖО сенім жәшігін орнатып, бетіне білім басқармасының Call Center мен сенім телефонын жазып, мектептің фойесіне орналастырды және арнайы құрылған комиссиямен сенім жәшігін 15 күнде 1 рет ашып, журналға тіркеп, келіп түскен арыз шағымдар бойынша жұмыстар жүргізіледі.

«Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу» жұмысын жүргізу мақсатында 2022-2023 оқу жылы бойынша діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыс жоспары бекітіліп, сынып сағаттары және сыныптан тыс іс-шаралар жүргізілуде.

Насихаттаушы ақпарттық топтың құрамы төмендегідей бекітілген :

1. мектеп директоры

2. тәрбие орынбасары

3. алғашқы әскери даярлық пәнінің мұғалімі

“Діни экстремизм және терроризмнің алдын алу” тақырыбында кездесу жиыны өтті. Жиынға ауданымыздың ішкі саясат бөлімінің басшысы Ө.Алдамжаров,

ауданымыздың теолог маманы Т.Бектұрғанов, мектеп мұғалімдері және 8-11- сынып оқушылары қатысты. Кездесу барысында ішкі саясат бөлімінің басшысы Ө.Алдамжаров талқыланатын тақырыптың маңыздылығына ерекше назар аудару қажеттігіне тоқталды. Жиында ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық

туралы Кодексінің дін саласына қатысты баптарына түсіндірмелер берді. Теолог мамандар Т.Бектұрғанов теріс пиғылды діни ағымдардың қатарына жаңадан енген адамның санасына ықпал жасау үшін түрлі психологиялық тәсілдердің бар екенін, адамның денсаулығына кері әсерінің көп екеніне тоқталды. Ондай ілім ұстанушыларға қоғамнан, туған туыстардан алыстауына әкеліп соғатындығы жайлы кеңінен айтылды. Кездесу барысында оқушылар өздерінің көкейінде жүрген сұрақтарын қойып, тиісті жауыптарын алды. Мысалы: Діни білім алуға қандай мүмкіндіктер бар?, Террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстарға қандай шаралар көріліп жатыр? т.б Жиында оқушылар “Діни экстремизм және терроризм” туралы біршама мағлұматтар алып, ой түйіндеді. Жиын соңында оқушыларға пайдалы бүктемелер таратылды. Адами әлеуетті дамыту бөлімінің қатынас хаты негізінде МДТІЖО М. Құмабеков, дінтану пәнінің мұғалімі Н. Тоққожаев шетелде теологиялық білім алуға ниетті жастармен профилактикалық жұмыстарын ұйымдастырды. 2022 жылдың 7 қыркүйек күні жоғары сынып оқушыларынан сауалнамалар алып, жадынамаларға түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының талаптарын түсіндіру мақсатында ұжым мүшелерімен жиын өткізілді. Жиын барысында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Құмабеков хабарлама жасады. Хабарлама барысында тұжырымдаманың ҚР Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 жарлығына сәйкес шыққандығын тілге тиек етіп, заңнамадағы өзгерістер мен жемқорлықпен күрестегі жаңа тәсілдерге, Концепцияның құрылымы мен негізгі бағыттарына, тоқталды, әр тармаққа кеңінен түсіндірме беріп өтті.

"Сыбайлас - жемқорлықсыз мемлекет қандай болады?" айдарымен 9-11-сынып оқушылары арасында пікірталас өтті. "Сыбайлас жемқорлықсыз мемлекет қандай болады?" сауалына оқушылар өз пікірін айтты. "Қазақстан-құқықтық мемлекет" айлығы барысында еліміздің сайлау қағидаттарына сәйкес 1-4-сынып оқушылары арасында "Сынып басшысын сайлау" сюжеттік-рөлдік ойыны ойын мен "Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі" атты сурет байқауы өтті. Онда оқушылар сайлау барысында сыбайластыққа жол бермеу, әрбір істің әділ өтуі туралы сомдап шықты. Нәтижесінде оқушылар паракорлықтан жиркеніп, әділдікті қолдады. Сонымен қатар 5-8-сыныптар арасында "Мемлекеттік қызмет-өмірлік ұстаным" мемлекеттік қызмет ардагерлері, мемлекеттік қызметкерлермен кездесу өтті. "Сыбайлас-жемқорлық" деген ұғымды түсіндіріп, өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту және Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу мақсатында "Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз" айдарымен балаларға арналған ар-ұят, абырой, жауапкершілік, адалдық, әділдік сияқты қасиеттерді насихаттайтын театрлық қойылым

қойылды. Оқушыларды бірлікке, адалдық пен әділдікке шақыра отырып "Біз әділдікті жақтаймыз!" ұранымен флеш-моб өтті. Оқушылар өздерінің әділ жолды қолдайтындықтарын хормен айтты. Балалар белсене қатысты. "Сыбайлас-жемқорлыққа жол жоқ" айдарымен мектепішілік марафон ұйымдастырылды. Алдын оқушыларға ала жібіпті аттамау, арам іске бармау, біреудің еңбегіне қол сұқпау, салауатты өмір салтын ұстану Әділдіктің ақ жолы екенін ұғындырды.

2. Рухани-адамгершілік тәрбие

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Рухани қазына» берілген бағыттардағы шағын бағдарламаға сәйкес қарастырылуы керек, «Жақсы кітап-жан азығы» жобасының мақсаты: туған өлкенің тарихы,мәдениеті және дәстүріне деген құрметі мен қызуғышылығын ояту.

Тіл мәртебесі – ел мәртебесі «5 қыркүйек -Қазақстан халқының тілдері күні» мерекесіне орай «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» тақырыбында 5.09 - 15.09 аралығында мерекелік онкүндік өтілді. 5 қыркүйек күні іс-шараның ашылуы А.Байтұрсынұлының өміріне арналған бейнероликпен басталды. 27.04.2023жылы 5-8- сыныптар арасында «Төл туындыға айналған «Қырық мысал» тақырыбында А.Байтұрсынұлының мысал өлеңдерінен көрініс сайысы өтті. Мақсаты ұлт ұстазының аудармашылық қасиетін насихаттау, аударма мысал өлеңдерінің тәрбиелік мағыналарын ұғындыру. Сайыс барысында «Қартайған арыстан», «Шал мен жұмыскер», «Қайырымды түлкі», «Егіннің бастары» сынды мысалдарынан көрініс көрсетті. 28 сәуір күні «Ұлт көсемі» тақырыбында зияткерлік сайысы өткізілді. 2 кезеңнен тұратын сайысқа 7-9-сыныптары қатысты. Сайыстың 1-кезеңінде

А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына құрылған 10-50 ұпай арасындағы бағалау шкаласы арқылы сұрақтар қойылды. 2-кезең бойынша мақал-мәтелдер, жұмбақтар қойылды. 1-орынды 220 ұпай санымен 8 - сынып оқушылары, 2-орынды 200 ұпай санымен 9- сынып оқушылары алса, 3-орынды 60 ұпай санымен 7- сынып оқушылары иеленді. Сонымен қатар 8-сынып оқушылары арасында гугл формада онлайн тест тапсырмалары алында. Тест сұрақтарына ақынның өмірі мен шығармалары, аудармалары енді. Тест белгілеуге 10 минут уақыт берілді. 29 сәуірде күні Ізгілікті пәндер бірлестігі бойынша әдістемелік бірлестік жетекшісі Г. Исабаева мен қазақ тілі пәнінің мұғалімі

Г. Оңалбекова мұғалімдерге «Эссе жазу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында шеберлік сағатын өткізді. Жалпы, эссе жазудың жолдары, әдістері, эссе құрылымы туралы айтылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Дәріс соңында мұғалімдерге гугл формада эссе жазу жолдары жайында тест сұрақтары беріліп, жоғары балл жинаған ұстаздар сыйлықтармен марапатталды. 30 сәуір күні 7-9- сыныптар арасында «А.Байтұрсынов және қоғам» тақырыбында «Дебат» үйірмесінің жетекшісі

А. Қошқарова пікірсайыс өтті. Сайысқа 8-сыныптардан «Жас тарихшылар лигасы», «Жеңімпаздар» топтары, 7-сыныптардан «Тұмар», «Алаш жастары» топтары қатысты. Пікірсайыс мына төменде көрсетілген қарарлар бойынша өтті:

БП барлық оқушылар орта мектептерде шет тілін үйренуге міндетті деп есептейді.

БП балаларда адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеу тактикасы ретінде қорқыныш сезімін қолдануды қолдайды.

БП ҚР жастарының қазіргі дертін атайды. Қазіргі жастардың көрінісі қандай? Қарар бойынша жастардың қазіргі дертін анықтап, қалай күресу керектігін және шешу жолдарын көрсету керек.

БП Қазақстан Ресейден тәуелсіз өмір сүре алады деп есептейді

03.05.2023ж. күні 1-4-сыныптарының үздік оқушылары А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығын минутқа оқыды. Мақсаты: А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығын насихаттау, оқу жылдамдығын анықтау.

5-9-сыныптар арасында «Ғасыр саңлағы» тақырыбында А.Байтұрсынұлына арнау шығару сайысы өткізілді. Оқушылар ақынға арнаған арнау өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқыды. «Ахмет – ұлт ұстазы» тақырыбындағы онкүндік іс-шараның жабылу салтанаты өтті. Іс-шараға белсенді қатысқан оқушылар арнайы диплом, алғыс хаттармен марапатталды. XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының, оның ішінде А.Байтұрсынұлының басынан кешкен қиын-қыстау тағдыры баяндалатын, ұлт мұраты жолында жасаған дамылсыз әрекеті насихатталатын «Ахмет. Ұлт ұстазы» сериалынан үзінді көрсетілді.

5-6-сынып оқушылары тілге деген құрметін өлең шумақтары арқылы жеткізсе, Дүйсенәлі Молболды 11 сынып оқушысы «Жаса, Қазақстан!» әнін, 5-сынып оқушысы Оралбай Жанель «Туған жер» әнін орындап, оқушыларға ыстық лебізін жолдады. Бірлестік жетекшісі Г. Исабаева тіл мерекесімен құттықтап, онкүндік іс-шараның бағдарламасымен таныстырды. «Тілге құрмет – елге құрмет» тақырыбында арнайы ашық сабақ ұйымдастырылды. Ашық сабаққа ата-аналар қатысып оқушылармен пікірлесіп, құнды ойларымен бөлісті. Сонымен қатар 10-11- сынып оқушылары арасында Қ.А.Ясауи мұрасын насихаттау мақсатында «Ясауи мұрасының түркі елінде насихатталуы» тақырыбы аясында эссе байқауы ұйымдастырылды. Эссе жазу жұмысының нәтижесінде 10-сынып оқушысы Орынбек Қарақат, 11-сынып оқушысы Мырзахан Меруерттің жұмыстары үздік деп танылып марапатталды.

Білім алушылардың зияткерлік қабілетін шыңдау, тілге деген құрметін арттыру, тапқырлыққа тәрбиелеу мақсатында 7-сынып оқушыларымен топтық «Сөзмерген» сайысы өтті. I.«1001 мақал» кезеңі; Мұнда қатысушылар берілген суреттерден мақал-мәтелдер құрастырды. Дұрыс құрастырылған әр мақал-мәтелге 1 ұпайдан берілді. II. «101жұмбақ» кезеңі; Қатысушы топтар дайын жұмбақтардың жауабын тауып, үш тілде айтты. Әр дұрыс жауапқа 10

ұпайдан берілді. III. "Танисың ба?" кезеңі. Қатысушыларға экраннан 10 ақын, жазушылар, өнер адамдарының суреттері көрсетілді. Қатысушы топтардың екі қатысушысы, қалған екі қатысушыға суреттегі тұлғаны сипаттап айтып берді. Сайыс нәтижесінде 46 ұпай санымен тең дәрежеде аяқталды.

6,7-сынып оқушылары арасында "Тіл маржаны" зияткерлік сайыс өтті. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен құрастырылған 20 сұрақтан тұратын тест жұмысына 22 оқушы қатысып, алған білімдерін қолдана отырып, бақ сынады. Сайыс нәтижесінде оқ бойы озық шыққан 7-сынып оқушысы Жансейіт Мерей I орын, 6 сынып оқушысы Қалдыиса Адина II орын 7-сынып оқушысы Құрманжан Айсұлу III орынмен марапатталды.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында балалар оқулары байқауы үздіксіз ұйымдастырылып отырды. Тұлға ретінде дамуымызға, біздің ойлау қабілетімізді жақсы қалыптастыратын бірден-бір зат - кітап. Кітап бізді «Ақыл мәдениетіне» үйретеді, тереңірек ойлауды, есте сақтау қабілетімізді жақсартады, зейінімізді, ойымызды жаттықтырады. Сондай-ақ, нақты, дәлелді сөйлеуге дағдыландырады, сөз құдіреті мен қасиетін ұғындырады. Оқуға құштар мектеп жобасы аясында мектеп кітапханашының ұйымдастыруымен балалардың кітап оқуға деген құштарлығын арттыру, қазақ және шетел әдебиетін, ақын-жазушыларының шығармаларын терең зерттеуге шақыру және жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік сезімді қалыптастыру мақсатында «кітап оқу байқауы» болып өтті. Байқауға 3-10- сынып оқушылары қатыстырылып, екі кезеңнен өтті.

1. Оқыған кітабын таныстыру (мазмұнын ашу), 6 минут

2. Оқыған шығармасына байланысты эссе жазу.

Оқушылар «Әдебиет порталы» интернет-жобасындағы ұсынылған қазақстандық және шетелдік кітаптардың тізімі бойынша дайындалды. Балалар төмендегі тізімнен таңдаған кітаптарын оқып, шығарманың идеясын аша білді және оқиғалар желісіне тоқталып, баяндай білді.

3-4-сынып – «Ертегілер әлемінде» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларына арналған кітаптар («Қазақ ертегілері» және «Алпамыс батыр» ертегілері);

5-6-сынып – «Кел, балалар, оқылық!» тақырыбында орта буын оқушыларына арналған кітаптар («Мен – апамның баласымын» және «Ағайынды Гриммдер ертегілері»);

7-8-сынып – «Ғасырлар тарихты жырлайды» тақырыбында жасөспірімдерге арналған кітаптар («Ұшқан ұя» және «Гулливердің саяхаты»);

9-10-сынып – «Ұлы Дала жырлары» және «Ұлы Дала ұлағаты» тақырыбында жоғары сынып оқушыларына арналған кітаптар («Көшпенділер. Алмас қылыш», І. Есенберлин және «Робинзон Крузо», Даниэль Дефо т.б) оқыды.

Шығармашылық сипаттағы өзіндік жұмыс түрлерінің бірі – эссе. Эссе – өз көзқарастарын, іс-әрекеттерін жазбаша негіздеу болғандықтан, балалар оқыған шығармалары бойынша тұшымды ойларымен қарапайым көзқарастарын білдіріп эссе жазып өткізді. Байқау қорытындысы бойынша 4 -сыныптан Сапаралы Аяна, 5- сыныптан Бидайбек Іңкәр, 6 -сыныптан Жансейіт Еңілік, 7-сыныптан Жансейіт Мерей «Үздік оқырман» номинациясымен және жүлделі 1 орын дипломдарымен марапатталды. Басқа да қатысушылар жүлделі 2-3- орын дипломдарымен, мадақтамалармен марапатталды. Байқау нәтижесінде балалар кітап оқығанда ең алдымен көркем тілмен сөйлеуге талаптануы керек екеніне, әр сөйлемнің негізінде нақты ойды анық, айқын кестелейтін сөз оралымдары болу керек екендігіне де көз жеткізді.

Заманымыздың заңғар биігі, кемеңгер, зергер жазушы М.Әуезовтің туған күніне орай Мұхтар Әуезовтің атымен аталатындықтан, мектебімізде түрлі шаралар ұйымдастырылды. М.Әуезов - ғұлама ғалым, Қазақстан Ғылым Академиясының академигі, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген ғылым қайраткері, филология ғылымдарының докторы. Сонымен қатар, білгір зерттеуші, сан мыңдаған шәкірттерді білім нәрімен сусындатқан ұлағатты ұстаз, әр түрлі жанрда қалам тербеген жазушы. Әлемдік деңгейдегі ұлы тұлға -М.Әуезовтің асыл мұраларын оқушыларға таныстыру мақсатында мектеп кітапханасында шығармаларынан, еңбектерінен жасалынған "Заңғар жазушы" атты кітап көрмесі таныстырылды. Сонымен қатар, "Ұлыдан қалған мұралар" атты видео-шолу жасалды. Шолуға қатысқан 7-8-сынып оқушылары М. Әуезовтің шығармаларына жанрлары бойынша талдау жасады. Және де оқушылар жазушының "Кінәмшіл бойжеткен", "Қорғансыздың күні", "Абай жолы" кітаптарын оқығандағы ойларын ортаға салды. ҚР Оқу-ағарту министрлігі және Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 25 қазан - Республика күніне орай ұйымдастырған «Республикам менің» атты челленджіне 8-сынып оқушысы Өсенбек Жансезім, 9- сынып оқушысы Өркен Шырын қатысты.

Оқуға құштар мектеп жобасы аясында кітапханашы А. Мыңжасарова мен музыка пәнінің мұғалімі А.Бекбенбетованың ұйымдастыруымен 25 қазан- Республика күні мерекесіне орай "Менің елім-Қазақстан" атты тақырыппен патриоттық кеш өткізілді. Отанын, елін, жерін, тілін, тарихын құрметтейтін, жаны таза, адамгершілігі мол азаматты қалыптастырып, патриоттық тәрбие беру мақсатында өткізілген кеште Дүйсенәлі Молболды «Отан», "Туған ел" атты әндерін шырқаса, Бауыржан балсезім "Біз Отанның бөбегіміз" атты әнін шеберлікпен орындап көрермендердің көңілін көтерді. 5-10- сынып оқушылары педагог-ұйымдастырушы Ә.Баймырза мен тәлімгер М. Талбидинованың ұйымдастыруымен Қазақстандай еліміз, жеріміз өте бай мемлекет екендігін, Отанға деген адалдық, сүйіспеншіліктерін жырға тиек етіп, еліміздегі 14 облыспен республикалық маңызы бар 3 қалаға арнап "Қазақстан-ғажапстан" атты

арнау өлеңдерін жолдады. Мектебіміздің көркем сөз шеберлері Құттыбай Асылайым, Асембек Нұрислам, Әбу Сымбат сынды оқушылар республика, Отан, туған жер туралы өлеңдерін мәнерлеп айтып берді. Мерекелік патриоттық кеш өз дәрежесінде, өте әсерлі өтті. Көрермен оқушылар, ұстаздар ризашылығын білдірді.

25 қазан - Республика күніне орай «Менің арманымдағы Қазақстан» тақырыбында 9-10- сынып оқушылары арасында эссе байқауы өткізілді. Мақсаты оқушы бойына патриоттық сезім ұялату, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, шығармашылық қабілеттерін шыңдау. Сайысқа қатысушылар өз армандарындағы Қазақстан келбетін ұшқыр ой - қиялдары арқылы қағаз бетіне түсірді. Эссе жазу барысында өз ойларын нақты жеткізіп, шығармашылық және креативті ойлау қабілеті жоғары оқушылар марапатталды. Атап айтқанда, 9- сынып оқушылары: Өркен Шырын, Жансейіт Таңшолпан, Өркен Бақтияр. Үздік жұмыстар "Үздік эссе" тақтасына ілінді.

2022 ж 29 қараша жергілікті жазушымыз Мархабат Байғұттың шығармашылығына арналған мектеп кітапханашысының ұйымдастыруымен кеш өтті. Халықтың рухани мұратына қызмет еткен ұлы тұлғалар аз емес. Данышпан қазақ халқы ақын-жазушыларға кенде болған жоқ. Кездесу кеші барысында жазушының шығармаларынан "Қарымды қалам иесі" атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқырмандарға таныстырылды. Кештің оқырмандарға берер тәлімдік- тәрбиелік мәні, өнегесі мол болды. Оқырмандар жазушының кітаптарын сүйсініп, қызыға оқитындықтарын айтып, ризашылықтарын жеткізді.

Қазақстан халық жазушысы, Ұлы Отан соғысының ардагері Әзілхан Нұршайықовтың орны әдебиетімізде ерекше. Қаламгерлігі мен қайраткерлігін қатар алып жүріп, адамзатқа рухани азық боларлық туындыларын қалың оқырмандарына сыйлаған Әзілхан Нұршайықовтың шығармаларымен сусындату біздің мақсатымыз. Осы орайда мектеп кітапханасында жазушының шығармаларымен оқушыларды таныстырып, кітаптарынан "Көркем проза жанрының шебері" атты көрме жасалды. Ә.Нұршайықов - ел басына күн туған сәтте қолына қару алып, оқ пен оттың арасында майдангерлердің рухын көтерген жалынды жауынгер-жазушы. Ол -қазақ әдебиетіндегі еңбек пен ерлікті, махаббат пен достықты арқау еткен, өміршең туындыларды дүниеге әкелген қалам иесі. Биыл дарынды жазушы Әзілхан Нұршайықовтың туғанына 100 жыл толды. Шолу сағатында оқушылар жазушының жазған өлеңдерін оқыды, шығармаларынан оқығандарын әңгімеледі. Жазушының кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиет сөздерін оқып, ұлағатты сөздерін айтты.

Алғыс айту күніне орай "Алғысым шексіз" деген ыстық ықыласты, ризашылық сезімдер білдірген қуанышты сәтті күн. Жер бетінде бәйшешектер бүр жарып, Табиғат-анамыздың жаңара бастаған гүл-көктемнің алғашқы күні 1 Наурыз - Алғыс айту күні өз деңгейінде аталып өтті. Өз Отанына, өз еліне

деген кіршіксіз құтметі мен ата-анаға, ұстаздарға, жақсы-жайсаңдарға алғысын айтар әрбір адам бүгінгі мерекеге аса мән берері хақ. Мектепте Алғыс айту күніне орай мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен "Мейірім шуағы" атты мерекелік кеш болып өтті. Кеш барысында бастауыш сынып оқушылары ата-аналарына, ұстаздарына деген ыстық лебіздерін, ризашылық сезімдерін ән айтып, би билеп, тілек өлеңдерімен жеткізді. Ата-аналарға, ұстаздарға мерекелік ашық хаттар таратылып, мектеп психологы "Өмірдің мәне неде" деген тренинг өткізді. Ұстаздар шәкірттеріне ризашылық білдіріп, кеш өте әсерлі өткендігін жеткізді. «Алғысым шексіз!» Наурыз айының алғашқы күні мектебімізде ұстаздар мен оқушылардың мерекелік құттықтауы, бір-біріне ыстық ықылас пен ризашылық сөздерімен бастау алды.

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының 22.02.2023 жылғы №06/771 және Бәйдібек ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 26.02.2023 жылғы 281 санды хаттарына негізінде, "Ұлыстың ұлы күні - Наурыз" мерекесін 10 күн атап өту жөніндегі іс - шаралар жоспарына сәйкес өткізілді.

«Көрісу күні»

«Табиғат күні»

«Бабаларды еске алу және бата күні»

«Шежіре күні»

«Тарихқа тағзым күні»

«Игі істер күні»

«Спорт және шеберлік күні»

«Даналық және білім күні», «Зияткерлік күні»

«Ұлттық тағамдар күні»

«Ұлыстың Ұлы күні»

4.Отбасы тәрбие

Ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру мақсатында «Қамқоршылық кеңесі» және ата-аналар комитеттері, денсаулық орталықтары, бірлескен отбасылық іс-шаралар, «Парасатты отбасы», «Жыл отбасы», «Кітап оқитын отбасы» жарыстары өткізілді. Мектеп директоры бұйрығы негізінде оқу жылы басында жылда ата-аналар комитетімен бірлесіп атқаратын жылдық жоспар жасалып бекітіледі. Жоспар бойынша әр тоқсанда бір рет ата-аналар комитеті төрағаларының /төрайымдарының/ мәжілісі өткізілді. Отбасы тәрбиесіне орай «Отбасы-бақыт мекені» республикалық апталық іс-шарасының ашылу салтанатты жиыны өтілді. «Қазіргі таңда ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынас қандай?» тақырыбында дөңгелек үстел өтілді. Дөңгелек үстелді МДТІЖО М. Құмабеков жүргізді.

«Мектепке жол» акциясы бойынша, «Қамқоршылық кеңес» төрағасы ауданымызға белгілі кәсіпкер Е. Мырзабеков оқушыларға демеушілік жасады.

Психологиялық тренинг.Отбасында ата-аналары баланың әрбір ісіне жауапкершілікпен қарауға, бала тәрбиесіне жеткілікті уақыт бөлу, т.б жауыпкершілікті арттыру мақсатында жұмыстар жүргізді.

Жаңа форматта «Отбасы және бала тәрбиесі» тақырыбында ата - аналарға «консилиум» түрінде жиналыс өткізілді. Күн тәртібінде мына мәселелер қаралды:

1. I оқу тоқсанының қорытынды есебі.
2. Құқықбұзушылықтың алдын-алу жұмыстары.
3. "Аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу"
4. Алда тұрған түрлі мәселелер. Консилиумға мектеп директоры Б.Қынатбеков, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Қ. Бакиров , директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Құмабеков, педагог – психолог Г. Қарымсақова, әлеуметтік педагог Л. Онбаева және 1-11- сынып ата -аналарына сынып жетекшілері, пән мұғалімдері рубрика,ТЖБ, БЖБ талдауларын жекелей талдап, қорытындысымен ата-аналарға таныстыру жұмыстарын жүргізді. Ата-аналар жаңа форматта өткен жиналысқа оң бағасын берді.

Отбасы күніне арналған тәрбие сағаттары өтілді. 3-сынып жетекшісі Ә. Ибрагимова "Отбасы - тәрбие ошағы" атты сабағын, тәрбиенің ең тамаша үлгісі - отбасы екенін, бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі бөлек және ата - анасын құрмет тұтуға, бауырға деген сыйластығы жақсы болу керектігі жайлы айтылды. Бейне роликтер көрсетіліп, "Мен үшін қымбат" және "менің отбасыма деген махаббатым" тақырыбында ой қозғау жүргізілді. Сабақ соңында оқушылар жүректен шыққан жылы сөздерімен бір - бірлеріне жүрекшелерді ұсынып өте жақсы көңіл күйде аяқталды. 9-сынып оқушылары және ата-аналарының қатысуымен "Өмір, қымбатсың сен маған" атты тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты өмір адам баласына бір-ақ рет берілетін қымбат сый екенін насихаттау, өмірдің мәнін ұғындыру.

Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау күніне «Жан жылуын сыйла» акциясы болып өтті. Акцияның мақсаты мүгедектігі бар жандарға аз да болса қуаныш, мереке қарсаңында көтеріңкі көңіл-күй сыйлау , сыйлықтар беру, ол жандардың жүздеріне күлкі сыйлау. Осы акция барысында мектеп әлеуметтік педагогы Л. Онбаева, педагог-психолог Г. Қарымсақова, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Құмабеков 2022 жылдың 22 қазан күні ерекше білімді қажет ететін оқушы Ажықабыл Қазына, үйде оқитын 1 сынып оқушысы Еркін Айшаның үйіне барып, анасымен кездесіп, балаларды қуантып қайтты.

Адам бойында кездесетін асыл құндылықтар, адамгершілік, мейірімділік сезімдерін арттыру аса маңызды. Абай Құнанбаевша айтсақ, "Жақсыдан үйренетін, жаманнан жиренетін" ұрпақтарымыз жақсы қасиеттерді үйреніп, жаман нәрселерден бойын аулақ ұстауы тиіс. Балалардың ойын ашу , өмірге деген көзқарастарын , өздеріне сенімділігін қалыптастыру жолында еңбек

етуден жалықпаймыз! Себебі бала - біздің болашағымыз!-деп мектеп психологы Г. қарымсақова психологиялық тренинг өткізді.

"Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі" атты қыздар жиыны болып өтті. Таңатар ауылдық ФАП меңгерушіс Б. Үркімбаева, Әлеуметтік педагог Л. Онбаева мектеп психологы Г. Қарымсақова мен қыздар ұйымының төрайымы Д. Талипова қатысты. Жиын барысында әлеуметтік педагог Л. Онбаева қыз тәрбиесі жайлы айтып, қыздарға өз кеңесін берді. Мектеп тәлімгері М. Талбидинова қыздардың тәртібі, тазалығы жайлы айтып өтті. «Қыз Жібек» қыздар ұйымының жетекшісі Д.Талипова мен мектеп тәлімгері М.Талбидинованың ұйымдастыруымен 7 "А" , 7 "Ә" сынып қыздарының қатысуымен "Ал, қанекей, қыздар! " байқауы өткізілді.

Мақсаты: қыздардың танымдық және шығармашылық қабілетін, эстетикалық талғамын, шеберлігін дамыту. Өнерді тануға, қызығушылыққа баулу, парасаттылыққа тәрбиелеу.

2023 жылдың 28 сәуірі күні ата-аналарға 1 мамыр, 9 мамыр мерекесі күндеріндегі қауіпсіздік бойынша алдағы "Жаз» маусымындағы балалардың қауіпсіздігі бойынша жиналыс өтті. Жиналысты мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Құмабеков баяндама оқып, ашты.

Жиын барысында алдағы мереке күндеріндегі, жаз кезінде сақталуға тиісті қауіпсіздік шаралары және ішкі тәртіп ережелері жайында түсіндіріп, бейнероликтер көрсетті. Ата-аналарға арналған жадынамалар таратылды. Судағы қауіпсіздік ережелерін есте сақтау керектігін айтып, жасөспірімдердің суға шомыла білмеуі, табиғат аясында серуенге балаларды өз бетімен шығаруы, адамдардың су қауіпсіздік ережелерін орындамауы орны толмас қайғы мен өкінішке айналып жататынын ескертті.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2023 жылды « Ауыл жылы" деп жариялады. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық, бұл-біздің жалпыұлттық міндетіміз! "Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын!?",-деп А.Байтұрсынұлы айтқандай, өскелең ұрпаққа жол ашуымыз керек деп ауқымды іс-шара өткізілді.

«Отбасылық эстафеталар» 5-6- сынып оқушыларымен бірге мектеп тәлімгері мен сынып жетекшілердің ұйымдастыруы бойынша жүргізілді.

Педагог-психолог Г. Қарымсақованың ұйымдастыруымен ата-аналарға «Сіз қандай ата-анасыз?» тақырыбында сұрақ-жауап, анкета алынды. «Отбасы-тәрбие ұясы» тақырыбында тренинг өткізілді.

«Қамқоршылық кеңесі». Мектебіміздегі аз қамтылған, яғни атаулы әлеуметтік көмек алушы,атаулы әлеуметтік көмек алмайтын жан басына шаққанда күнкөріс деңгейінен төмен, тұл жетім,қамқоршылық-қамқоршылықтағы балалар,жартылай жетім, көп балалы отбасылардан шыққан әлеуметтік осал топтағы балаларға қайырымдылық іс-шаралары үздіксіз ұйымдастырылып отырады. Соның бірі тамыз айындағы

«Мектепке жол» акциясы. Акцияның мақсаты-мектебіміздегі қамқоршылықтағы балалар, аз қамтамасыз етілген, атаулы әлеуметтік көмек алушы, жартылай жетім, көп балалы отбасылардан шыққан балаларға аз да болса көмегімізді тигізіп, қол ұшын беру. Ата-аналар, ұстаздар қауымы, демеушілер тарапынан, соның ішінде мектебіміздің Қамқоршылық кеңес мүшелері де осы акцияға демеуші тартумен қатар өздері де ұйымдасқан түрде атсалысты. Түркістан облысы Бәйдібек ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты "Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебі" КММ-де 2023 жылдың 16 қаңтар күнгі №9 санды хатына сәйкес "БІЗ ЖӘНЕ ЗАҢ" тақырыбында өткізілген іс-шара жоспарына сәйкес мектебіміздің әлеуметтік педагогы Онбаева Лаззат Есмырзақыз "Ризашылық" қайырымдылық акциясын өткізді.

Акцияның өткізу мақсаты: Риясыз жақсылық жасау - биік адамгершіліктің белгісі.

Акцияның жақсы өтілуіне қамқоршылық кеңес мүшесі, мектеп ұстаздары атсалысты.

20-30 қыркүйек аралығында «Халықаралық қарттар күніне» онкүндік іс-шара аясында «Ақылды қария - ағып жатқан дария» тақырыбында шығарма жазу сайысы өтті. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деген қағиданы ұстанатын Шығарма жазуға 6-7-сынып оқушылары қатысты. Балалардың жазған шығармаларын оқи отырып, олардың бойында ана сүтімен енген үлкенге құрмет көрсету деген жақсы қасиеттің бар екенін байқадық.

5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту аясында Мектепте «Жасыл ел» мектеп ауласын көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. «Еңбекті жан тәнімен сүймейінше, ешбір талант та, ешбір кемеңгер де шықпайды» пікір сайыс өткізілді. Мектептің айналасындағы көгалдандыру жұмыстарын кеңейту, гүлзарлар жасау және оларды күтіп баптау жұмыстары жүргізілді. Әр аптаның сенбі күндері «Сенбілік» өткізілді. «Болашақ мамандықты таңдау барысында мектеп оқушыларына «Мамандықтың бәрі жақсы» атты тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Халық жанашыры болып жүрген жергілікті кәсіпкерлермен кездесу ұйымдастырылды. Еңбек ету арқылы, халыққа қызмет етудің қуанышы және жемісі жайлы өз ойларымен бөлісті.

Т.Бигелдиновтың туылғанына 100жыл толуына орай 26-30 қыркүйек аралығында «Аспан адамы» тақырыбында 7-11- сыныптар арасында іс-шара өткізілді

26.09.2022жылы 7-11- сыныптар арасында «Аспан адамы» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Әр сыныпта Батырдың ерлігі, адамгершілігі, Отан сүйгіштігі туралы жақсы мәліметтер айтылды.

17.09.2022ж Батырдың өмірі мен ерлігін насихаттау мақсатында «Бір тума Батыр» тақырыбында 7-10-сыныптар арасында қабырға газетін шығарды.

28.09.2022ж күні « Батырлар ерлігі ұмтылмас» 7-11- сыныптар арасында өлең шумақтарын шығарды.29.09.2022ж Т. Бигелдиновтың өмірі мен ерлігін дәріптеуге бағытталғын дөңгелек үстел өткізілді. 30.09.2022ж Белсенді қатысқан оқушылар марапатталды.

2022 жылдың 28 қазан күні «Берекелі алтын күз» тақырыбында «Күзгі балл-2022» мерекелік кеші өтті. Іс-шара мақсаты: күз мезгілінің ерекшелігін ескере отырып, өскелең ұрпақтың эстетикалық талғамын қалыптастырып, әсемдікке, сұлулыққа баулу. Сайыс мына төменде көрсетілгендей шарттар бойынша ұйымдастырылды:

1. Өзін-өзі таныстыру. 2. Дарындылық шоуы. (Ән, би, көркем сөз оқу, авторлық шығарма оқу т.с.с.)3. Үй тапсырмасы. Қосымша қойылған сұрақтарға белсенді түрде, тапқырлықпен жауап берді.

Сайыс соңында қазылар алқасы өнер көрсеткен қатысушы жұптарға өз бағаларын беріп, жеңімпаздарға жүлделі орындар мен түрлі номинация бойынша мақтау қағаздарын табыс етті.

Сайыс нәтижесінде:

- I орын 8- сынып Күз ханзадасы мен күз ханшайымы Қалдыбай Жансерік, Асенбек Жансезім,
 - II орын 6- сыныбынан Сәрсенбек Рахат, Жансейіт Еңлік
 - III орын 7 - сыныбынан Құрманжан Айсұлу, Қаламбек Дарын
- Жүлделі орындарымен марапатталды .Күзгі балл мерекесі ұстаздар мен оқушыларға жақсы көңіл күй сыйлады.

6. Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие

Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде «Ұшқыр ой алаң» мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы жалпыұлттық мәдени білім беру жобасы іске асыру арқылы мектебімізде 22.08.2022ж. №976 хатына сәйкес «1 қыркүйек – Білім күні мерекесіне» орай жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында жағымды көңіл күй, оң көзқарас қалыптастыру мақсатында «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында салтанатты жиын өтті. Жаңа оқу жылына қадам басқан бүлдіршіндеріміз «Кел, балалар, оқылық!», «Біз Отанның бөбегі» әндерін орындап, мерекелік көңіл күй сыйлады.

«Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында 1-11- сыныптар бірыңғай сынып сағаты өткізді.

Мектеп Парламенті Президентін және "Жас ұлан" ұйымының Ұланбасын сайлауы өткізілді. Сайлауға үміткер ретінде мектебіміздің 8-10- сынып оқушылары қатысып, өздерінің сайлау алды бағдарламаларын ұсынды. Мақсаты жастарды үздіксіз дамуға, қоғамдық өмірге бейімдеу және жүйелі шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру арқылы ой жиегін кеңейтіп, жауапкершілікке дағдыландыру. Жастардың отансүйгіштік қасиетін дамыту. Ағымдағы жылғы 28 қыркүйек күні қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, профессор Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің 125 жылдық мерейтойы кеңінен аталып өтті.

2022 жылдың 05 қазан күні өзін-өзі басқару ұйымы мектеп Парламенті Президентін ұлықтау рәсімі өткізілді. 2022 жылдың 23 қыркүйек күні өткізілген мектеп Парламенті Президентінің сайлауында 10-сынып оқушысы Асембек Нұрислам мектеп президенті атанды. Сонымен қатар сайлауға түскен үміткерлер мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының фракция көшбасшылары болып тағайындалды.

Музыка пәнінің мұғалімі А. Бекбенбетованың ұйымдастыруымен 25 қазан- Республика күні мерекесіне орай "Менің елім-Қазақстан" атты тақырыппен патриоттық кеш өткізілді. Отанын, елін, жерін, тілін, тарихын құрметтейтін, жаны таза, адамгершілігі мол азаматты қалыптастырып, патриоттық тәрбие беру мақсатында өткізілген кеш барысында оқушылар республика, Отан, туған жер туралы өлеңдерін мәнерлеп орындап шықты.

Бәйдібек ауданы оқушылар арасындағы «Жаңа Қазақстан Күшіміз бірлікте.» өнер фестивалінде мектеп оқушылары 2 жүлделі орынға қол жеткізді. Нәтижесінде Дүйсенәлі Молболды оқушымыз облыстық гала концертке «Вокал» жанры бойынша іріктелінді.

9-15 желтоқсан күндері аралығында «16 желтоқсан- Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай іс-шара өткізілді. Мақсаты: өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу. «Менің Отаным - менің отбасым» тақырыбында 5-9- сыныптар арасында шығарма жазу байқауы, «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» тақырыбында спорттық жарыстар, «Тәуелсіздік –тірегім» тақырыбында челлендж, 5-9- сыныптар арасында «Тәуелсіздік, биік болсын тұғырың!» тақырыбында патриоттық ән байқауы, «Тәуелсіздік бастауы – желтоқсан» тақырыбында көркемсурет байқауы, сонымен қатар «Тәуелсіздік - ең басты құндылығымыз» тақырыбында кітап көрмелері ұйымдастырылды. «Жаңа жыл қызыққа толы» мерекелік кеші қызықты өтті. Қатысушы қонақтармен жас бүлдіршіндер шапалақ ұрып қарсы алды. Шырша шамы жанып

ортада, әр сынып өздерінің өнерлерін көрсетіп, кейіпкерлермен би билеп суретке түсті.

7. Зияткерлік, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

Осы жылдың қаңтарында мектеп педагог-психолог Г. Қарымсақова ұйымдастыруымен «Буллинг және кибербуллингке жол жоқ!» тақырыбында 5-11 -сынып оқушыларына қашықтықтан тренинг өткізді. Буллинг және кибербуллингтің алдын алу мақсатында оқушыларға педагогикалық –психологиялық тұрғысынан түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, көмек көрсетілді. «Буллинг» термині ағылшын тілінен аударғанда «қорлау, қудалау, мазалау» деген мағынаны білдірсе, ал «Кибербуллинг» термині адамды интернетте қорлау немесе қудалау деген мағынаны білдіреді. Осындай теріс әрекеттерді болдырмау үшін оқушылар арасында сұхбат жүргізіліп, өз құқықтарын қорғауға, батыл әрі табанды болуға, кез келген жағдайда көмек сұрауға, жасырып қалмауға мамандар тарапынан кеңестер берді. Әрбір оқушының зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық, мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру мақсатында бір қатар жұмыстар жүргізілді.

2022 жылдың 3 қараша күні "Зерде" мектепшілік ғылыми жобалар байқауы өтті. Байқауды өткізудің мақсаты: балалардың зерттеу қызметінің дағдыларын арттыру, кіші және орта жастағы мектеп оқушыларының интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін ынталандыру, дарынды оқушылардың жұмысын дамыту. Байқау соңында ізденімпаздықтары мен құнды зерттеу жұмыстарын ұсынған барлық қатысушылар арнайы алғыс хаттармен марапатталды. Оқушылардың жоғарғы буынға ауыстыруындағы кездесетін кедергілердің алдын-алу, сынып ұжымдастығы, психикалық ерекшеліктерінің дұрыс қалыптасуына ықпал ету мақсатында ағымдағы жылдың 24.11.2022 күні мектеп психологі Д.Есбатырова 5- сынып оқушыларымен тренинг өткізді.

13.01.2023 жылы мектеп бітіруші жастарға арналған «Жас маман» жобасы аясында №19 колледж оқытушысы Қ.Таупанов және мектептің кәсіби бағдар беру педагогі А. Әбдір мектеп түлектері арасында кездесу өтті. Кездесу барысында еңбекке саналы көзқарас қалыптастырып, өз мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сәйкес және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, мамандықты дұрыс таңдауға шақырды. «Түлекке көмек» аясында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Оқуға қайда бару керек» төңірегінде кеңестер берілді.

Мектеп тәлімгері М. Талбидинова оқушылармен «Құқықбұзушылықтың алдын алуды, болдырмау немесе оны шешу жолдары» туралы әңгіме өткізсе, педагог-психолог Г. Қарымсақова оқушыларға «Менің бәсекелестік қабілетім»

атты тренинг өткізді. 10-11- сыныптар арасында «Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыбында дебат сабағы болып өтті.

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау, білу үшін кеңістік құру аясында мектепте түрлі іс-шаралар жүргізілді.

Физикалық жаттығулар дене тәрбиесінің негізі болып табылады.

Таңертеңгі жаттығу денсаулықты нығайтуға, организмді жетілдіру мен шынықтыруға, жұмыс қабілетін арттыруға жақсы әсер етеді, сондықтан күніге таңертеңгілік бой жазу жаттығулары өткізіледі.

25 қыркүйек күні дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен оқушылар арасында спорттық жарыстар өткізді. Спорттық сайысқа 8-10- сынып оқушылары қатысып, белсенділік танытты.

"Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін" мектебімізде салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында "Дүниежүзілік туберкулезбен күрес" күніне орай ұйымдастырылған «Салауатты өмір салты-туберкулездің алдын алу» тақырыбында 2022 жылдың 06 желтоқсан күні оқушылар арасында спорттық жарыс өткізілді. Жарыстың мақсаты жастарды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу және салауатты өмір салтын насихаттау, физикалық және шыдамдылықты қалыптастыру.

Мектепте ағымдағы оқу жылында тоғызқұмалақтан, волейболдан, қазақша күрестен бірнеше дүркін аудандық жарыстар өткізіп, нәтижесінде оқушыларымыз жоғары дәрежеден көрініп жүрді.

2022-2023 оқу жылындағы марапаттар :

«Т. Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі жетістіктер

«Жыл үздіктері»

1. Жыл мұғалімі - Үрістембекова Жаңылхан апай.
2. «Жылдың үздік оқушысы» - Орынбек Қаракат
3. «Жылдың үздік сыныбы» - 10 сынып
4. «Жылдың үздік сынып жетекшісі» - Ибрагимова Әуес апай.

5. «Жылдың үздік өнерпаздары» - « Шах би» тобы
Жетекшісі Қошқарова Айсенімгүл.

Облыс орталығы Түркістан қаласында өткен «Өнерлі өлке» облыстық фестиваліне ауданымыздың атынан қатысып өз өнерлерінің көрсеті.

6. «Жылдың үздік спортшысы» - Әжіқабыл Қорған

7. « Жылдың үздік ата- анасы» - Көкебай Гүлнар

8. «Мектеп жанашыры» - Қалдыбекова Жаңыл апай.
Мектебіздің ішкі березендірілуіне ұйтқы болды.

9. Оқушылардың аудандық «Жаңа Қазақстан,Күшіміз бірлікте» айдарымен өткізілген өнер фестивалінде жоғары деңгейде өнер көрсеткені үшін жүлделі II – Т. Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебі марапатталды.

10. «Мағжан оқулары» байқауының « Ақын да бір балағой айға ұмтылған» - нминациясы бойынша II орын алған Құттыбай Асылайым марапатталды.

11. Түркістан қаласында өткізілген «Өнерлі өлке» облыстық фестивалінде би жаныры бойынша үздік өнер көрсеткені үшін Т. Қазақбаев атындағы жом жетекшісі Қошқарова Айсенімгүл Алғыс хатпен марапатталды.

12.Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы «Білім беруді дамыту орталығының» 31.01.2023жылғы №80 хатына сәйкес «Үздік ауыл мұғалімі» конкурсының 1 іріктеу кезеңінен өтіп 2023 жылғы 13-ақпан күнгі аудандық кезеңінен «Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебі» КММ нің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Талипова Динара 2 - орын иегері атанды.

13.Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімдері арасында 2023 жылы 15-ақпанда Білім саласындағы «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқытушы-ұйымдастырушылары арасында шығармашылық бастамаларын қолдау, мұғалімдер арасында ынтымақтастықты нығайту, мақсатында (Пневматикалық қарумен ату және әскери қолданбалы спорт түрінен) аудандық кезеңі болып өтті. Ереже бойынша «АК-74» автоматын толық емес бөлшектеу, «АК-74» автоматын толық емес бөлшектеуден кейін құрастыру реті және «ВП-4» жаттығуын (нысана көздеу) орындауды жүзеге асырды.

«Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебі» КММ нің Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің мұғалімі Тулебаев Руслан «Алғашқы әскери

және технологиялық дайындық пәнін оқытушы-ұйымдастырушысы» номинациясымен марапатталды.

14. Бәйдібек ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2.02.2023ж №74 санды хатына сәйкес "ПОЭЗИЯ ӘЛЕМІ" ғылыми жоба жұмыстары аудандық байқауынан «Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебі» КММ нің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Жұмаділлаева Жанар 2- орынмен марапатталды

15. Ағылшын тілі пәнінен 7-8 сынып оқушылар арасында «ДАЛА ДАНЫШПАНДАРЫ» атты іс-шара аясында ұйымдастырылған "Бірлігі бүтін елдің түтіні түзу ұшар " аудандық сырттай байқауынан Асембек Жансезім Романқызы жүлделі 2-орын иегері атанды. Жетекшісі ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Жұмаділлаева Жанар.

16. 9-10 сыныптар арасындағы аудандық байқаудан Елікбай Қарақат Анарбайқызы "АЛҒЫС ХАТ" иегері атанды. Жетекшісі ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Сарсенбаева Дана.

17. Орыс тілі пәнінен 9-10 сынып оқушылар арасындағы аудандық байқаудан Асембек Нурислам Романұлы жүлделі 3 орын иегері атанды. Жетекшісі орыс тілі пәнінің мұғалімі Бейсенбаева Гульнар.

18. Түркістан облысы Бәйдібек ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебі» КММ Бәйдібек аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің 10.03.2023ж №171 бұйрығына сәйкес 2023жылдың 15.03 күні 6-11 сынып оқушылары арасында өткен дәстүрлі «Ясауитану-2023» республикалық байқауының облыстық кезеңінен 8-сынып оқушысы Құттыбай Асылайым 2-орын иегері атанды. Жетекшісі Ташболатова Қалдықыз.

Байқаудың негізгі мақсаты - Ұлы даланың ұлы есімдерін ұлықтау мақсатында қазақ халқының рухани тұтастығын қалыптастырған Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың хикметтерін насихаттау. Өскелең ұрпақты ұлы баба мұрасын терең меңгеріп, зерттеуге ынталандыру. Мектепте оқушыларды сыныптан тыс жұмыстармен қамту барысында үйірме жұмыстары жолға қойылған.

Оқушыларымыз сыныптас жұмыстар нәтижесінде аудандық облыстық жарыстардан волейболдан, футболдан қазақша күрес, дзю –до күресінен жетістіктерге жетіп келеді.

ВОЛЕЙБОЛДАН ЖҮЛДЕЛІ 1-ОРЫН

Түркістан облысы Бәйдібек аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебі» КММ нің 7-8сынып оқушы қыздары 05.04.2023 жылы №167 бұйрығына сәйкес 2023 жылдың 7 сәуір күні «Бәйдібек аудандық №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ-нің 2009-2010 жылы туылған жасөспірім қыздар арасында волейболдан өткен топ аралық ашық біріншілік жарысынан жүлделі 1-орынмен оралды.

Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы Дзюдо күресі «Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат спорттық атағы Атайбек Қуандық Қайсарұлына берілді. 2022 жылғы 20 қыркүйектегі № 131 бұйрық. Куәлік №033

Басқарма басшысы: Қ.Жолдықараев Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы Дзюдо күресі «Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат спорттық атағы Әжіқабыл Қорған Ғаниұлына берілді. 2022 жылғы 25 қарашадағы № 167 бұйрық. Куәлік №032

Басқарма басшысы: Қ.Жолдықараев. Управление физической культуры и спорта города Шымкента Әбілхайыр Нұрхан Бағланұлы Присвоено спортивный разряд «кандидат в мастера спорта Республики Казахстан» по дзюдо Приказ №645 от 30 сентября 2022 года

Түркістан облысы Бәйдібек аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебі» КММ Түркістан облысының «№3 олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің» 2023 жылдың 05.04 күнгі №06/141 хатына сәйкес Шәуілдір ауылында 2023 жылдың 06.04 күні Дзю-до самбо күресінен КСРО-ның спорт шебері, қазақ күресінен ҚазССР-ның спорт шебері Мамбеталиев Оразәлі Дүйсенбайұлын еске алуға арналған Дзю-до күресінен 2008-2009 жылғы жасөспірімдер арасында өткен Республикалық турнирден 8-сынып оқушысы Әжіқабыл Қорған жүлделі 1-орын алып келді.

Бәйдібек ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебі» КММ Оқу-ағарту министрлігінің №514 бұйрығына сүйене отырып "Атамұра" республикалық ғылыми әдістемелік орталығының ұйымдастырған «Бояулар құпиясы» жас суретші байқауына 7-сынып оқушысы Әуезхан Темірхан қатысып, Бас жүлде иегері атанды. Жетекшісі Касетов Елік Алғыс хатпен марапатталды.

Бәйдібек ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебі» КММ Бәйдібек ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің 10.04.2023 жылы келген №631 хатына сәйкес "МҰРАГЕР"

Республикалық қоғамдық бірлестігінің жылдық жоспарына сәйкес 2023 жылдың 13- сәуір күні Кеңес Одағының батыры Қарсыбай Сыпатаевтың 105 жыл толуына арналған «Тұғыры биік ұлы тұлға» атты аудандық әскери-спорттық сайыстан Т.Қазақбаев мектебі 2-орын, оқушылар мадақтамамен марапатталды. Жетекшісі Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің мұғалімі Тулебаев Руслан Алғыс хатпен марапатталды.

Түркістан облысы Бәйдібек ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебі» КММ 2023 жылдың 12-14 сәуір күндері Түркістан қаласында 6-11 сынып оқушылары арасында

өткен "Ясауитану-2023" Республикалық кезеңінен «Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебі » КММ- нің 8"А" сынып оқушысы Құттыбай Асылайым Жанибекқызы "Ясауитану" Республикалық байқауына қатысқаны үшін арнайы дипломмен марапатталды.

"Ясауитану" Республикалық байқауына шәкірт әзірлеп, Қожа Ахмет Ясауи мұрасын насихаттау ісіне атсалысқаны үшін Ташболатова Қалдықыз Ермекқызына Алғыс хат берілді.

Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша ЕББҚЕ жеке үйде оқытылатын оқушы туралы

Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебінде 2019-2020 оқу жылында 2-сыныпта Талғатұлы Қыдырәлі Облыстық ПМПК-ның 12.06.2019ж күнгі №107 қортындысына сәйкес: Зерде дамуы төмен, ДЦП атоническая форма. Другие виды эпилепсий диагнозымен 2019-2020 оқу жылында Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған көмекші бағдарламамен оқыту үшін мектеп директорының 02.09.2019ж №2 бұйрығы шықты. Үйде оқытылуға Қ.Р Білім және ғылым министрінің 04.09.2018ж №441 бұйрығына сәйкес Қазақ тілі 1 сағат, оқу және тіл дамыту 1 сағат, орыс тілі 1 сағат, математика 2 сағат, айналадағы әлем 0,5, қол еңбегі 0,5, танымдық әрекетін түзеу 2 сағат берілген болатын. Алайда баланың зерде дамуының төмен болуына және ақпаратты қабылдамауына байланысты қайта Облыстық психодиспансерге жолданды. Нәтижесінде Облыстық ПМПК –ның 10.01.2020ж күнгі №05 ші қортындысы негізінде оқуға жарамсыздығы анықталды. Осы қортынды негізінде Бәйдібек аудандық білім бөлімінің 13.01.2020ж күнгі №06 бұйрығы, Т.Қазақбаев мектебі директорының 13.01.2020ж күнгі №72 ші бұйрығымен Оқуға жарамсыз деп танылды. 2022-2023 оқу жылында 1-сыныпта жалпы мектеп бағдарламасымен денсаулығына байланысты жеке үйде оқытылатын оқушы Еркін Айша Жасұланқызы. 2016 жылы 29 наурызда Таңатар ауылында дүниеге келген. Дәрігерлік диагнозы: осн.детский церебральный паралич. Спастическая диплегическая форма. ВПР. ЦНС Врожденная внутренняя гидроцефалия , в стадии декомпенсаций. Осл. Задержка психомоторного-речевого развития. Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның 31.08.2022 ж күнгі №160 қортындысына сәйкес, 2022-2023 оқу жылында жалпы орта мектеп бағдарламасымен 1-сыныпта жеке үйде оқытуға мектеп директорының 02.09.2022ж №19 бұйрығы шықты. Жекелей үйде оқытылатын балаға Қ.Р. Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 12-тамыздағы №365 бұйрығының 53 қосымшасына сай: Өліппе -3сағат, математика -4сағат, жаратылыстану – 1 сағат, дүниетану-1сағат жүктемесі, 2 жарты жылдықтан бастап цифрлық сауаттылық -0,5 сағат бастауыш сынып мұғалімі

А.Қабылбекке, дамытушы бағыттағы танымдық әрекеттерін түзету сабағы – 3 сағат педагог-психолог Г.Қарымсаховаға, қоғамдық негізде сынып жетекшісі болып бастауыш сынып мұғалімі М.Сароваға жүктелді.

Осы оқу жоспарына сай сабақ кестесі құрылып, ата-анасымен келісіліп, мектеп директорымен бекітілген. Мектептен пәндік оқулықтармен қамтылған. Бағдарламаға сай оқу жоспарлары құрылып, сабақтар кесте бойынша жүргізілуде. Ата-ана мен пән мұғалімдерінің байланыс дәптері арналып, ата-аналармен байланыс орнатылған. Динамикалық бақылау күнделігі арналған.

Бұйрықпен бекітілген қоғамдық сынып жетекшісі М.Сарова үйде оқитын оқушының ата-анасымен байланыс жасап, Еркін Айшаны мектептегі өтіліп жатқан түрлі іс-шараларға нақты айтар болсақ Жаңа жыл мерекесі, Наурыз мерекесі, Соңғы қоңырау және 1 маусым балаларды қорғау күнінен орай ұйымдастырылатын іс-шараға қатысуына ықпал жасауы туралы тапсырма берілді.

Сонымен қатар мектептің педагог-психологы Г.Қарымсахова бекітілген жоспарға сай жыл бойы түзету-дамыту жұмыстарымен қолдап отырды. Атап айтар болсақ: Оқушының қызығушылығы мен танымдық әрекеттерін және бейімділігін анықтай отыра пән мұғалімдеріне және ата-анасына ұсыныстар берілді. Баланың жалпы жағдайы оқу жылының басында зейіні тұрақсыз, есте сақтау қабілеті төмен, сөздік қоры аз болатын. Тиімді әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың психологиялық саулығына ықпал етудің арқасында сөздік қоры молайды, тапсырманы орындауға тырысады, зейіні тұрақталып, есте сақтау қабілеті жақсарды. Бірнеше түстер мен 2-3 қатар өлең шумақтарын жаттай алатын болды. Жалпы жүргізілген ым-ишара арқылы тілдесу, қарым-қатынас құру, кеңістікті қабылдау және бағдарлау, есте сақтауды. Қиялды дамыту тренингтері: Үлгіні салыстыру, Сенің ертегің, Өзіңді тани біл, Ертегілер елінде, Менің отбасым, Ормандағы ағаштар, Түстерді ажырату сынды т.б тренингтер жүргізілді.

Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы, оның ішінде компьютерлердің болуы, оқу зертханаларының, оқу пәндік кабинеттерінің және оқытудың техникалық құралдарының болуы туралы мәліметтер

Т.Қазақбаев атындағы жалпы орта мектебі 2007 жылы қазан айында пайдалануға берілген. Жер көлемі 164,2га . Құрылыс алаңы 978м² 198балаға арналған. Мектепте 13 сынып кабинеттері, 1 АКТ зал, 1 кітапхана, 1 спорт зал, 1 мед кабинет, 1 асхана жұмыс жасайды.

1. Математика кабинеті ауданы 30,8 м² 15 балаға арналған, 8 парта 16 орындық 1 шкаф, инв №237002028953

Мұғалім столы инв№237002029211, орындығы №237002040068, тақта 1 инв №237002029300.

2. Тарих кабинеті ауданы 30,8 м² 15 балаға арналған, 8 парта 16 орындық 1 шкаф, инв №237002028356

Мұғалім столы инв№237002029207, орындығы №237002040066, тақта 1 инв №237002029301.

3. Орыс тілі кабинеті ауданы 30,8 м² 15 балаға арналған, 8 парта 16 орындық 1 шкаф, инв №237002028957

Мұғалім столы инв№237002029216, орындығы №237002040073, тақта 1 инв №237002029302.

4. Биология кабинеті ауданы 30,8 м² 15 балаға арналған, 8 парта 16 орындық 1 шкаф, инв №237002028951

Мұғалім столы инв№237002029217, орындығы №237002040072, тақта 1 инв №237002028951. Проектор №23600700147

5. Бинелеу кабинеті ауданы 30,8 м² 15 балаға арналған, 8 парта 16 орындық 1 шкаф, инв №237002028947

Мұғалім столы инв№237002029204, орындығы №237002040048, тақта 1 инв №237002029306.

6. Физика кабинеті аудан 30,8 м² 15 балаға арналған, 8 парта 16 орындық 1 шкаф, инв №237002028960

Мұғалім столы инв№237002029205, орындығы №237002040061, тақта 1 инв №237002029303. Проектор №236007001470

7. Химия кабинеті ауданы 30,8 м² 15 балаға арналған, 8 парта 16 орындық 1 шкаф, инв №237002028948

Мұғалім столы инв№237002029208, орындығы №237002040070 тақта 1 инв №237002029304. Проектор №236007001472

8. Бастауыш кабинеті ауданы 30,8 м² 15 балаға арналған, 8 парта 16 орындық 1 шкаф, инв №237002028958

Мұғалім столы инв№237002029218, орындығы №237002040074 тақта 1 инв №237002029307. Проектор №236007001473

9. Қазақ тілі кабинеті ауданы 30,8 м² 15 балаға арналған, 8 парта 16 орындық 1 шкаф, инв №237002028959

Мұғалім столы инв№237002029220, орындығы №237002040080 тақта 1 инв №237002029308. Проектор №236007001474

10. Ағылшын тілі кабинеті ауданы 30,8 м² 15 балаға арналған, 8 парта 16 орындық 1 шкаф, инв №237002028999

Мұғалім столы инв№237002029221, орындығы №237002040081 тақта 1 инв №237002029308. Проектор №236007001475

11. АӘЖТД кабинеті ауданы 30,8 м² 15 балаға арналған, 8 парта 16 орындық 1 шкаф, инв №237002028992

Мұғалім столы инв№237002029222, орындығы №237002040082 тақта 1 инв №237002029307.

12. IT class Интерактивная доска Digitouch P82 1шт

Проектор ViewSonic PA503S 1шт

Документ камера Aver F33 1шт

Комплект монтажных материалов комплект

Акустическая система Microlab M-300 (2.1) 4шт

Сетевой фильтр TRIPP LITE GR16-1379T 20шт

Гарнитура ACME CD-602 1шт

Внутренняя IP камера Hikvision DS-2CD2443G0-IW 2шт

Моноблок 4NT89EA HP ProOne 440 G4 NT AiO 1шт

Источник бесперебойного питания UPS VOLTA Active 1200 LCD 1шт

Принтер SAMSUNG SL-M2070W 1шт

Комплект ученический двухместный стол, под заказ ТОО Казмебель комплект 10

Компьютерный стол с приставкой и тумбой, под заказ ТОО Казмебель 1шт

Компьютерное кресло, Маджестик 1шт

Шкаф комбинированный офисный, под заказ ТОО Казмебель 3шт

Стол с выдвижным ящиком, под заказ ТОО Казмебель 2шт

Стол ученический на 10 человек, под заказ ТОО Казмебель 1шт

Стол для 3D принтера, под заказ ТОО Казмебель 1шт

Инструменты и приспособления, Производитель Зубр комплект 1

Логотип, под заказ комплект 1

Программа обучения и методические материалы 1шт

Учебник 20шт

Программируемый робот Arduino 4WD Robot Kit 1шт

3D принтер Tevo Flash 1шт

Робот-Конструктор начинающий Makeblock 1шт

Базовый робототехнический набор LEGO@ MINDSTORMS@ Education

EV3 1шт

Модульный дрон Airblock 1шт

Робот-конструктор обучающий Makeblock Ultimate 2.0 1шт

13. Спорт зал ауданы 294 м² 25 балаға арналған 2- жуынатын орын, Ер балалар, Қыз балаға. Воллейбол, баскетбол тағы басқа ойындарға жағдай жасалған

14. Кітапхана ауданы 30,8 м²

10605 кітап қоры бар жалпы сумасы 14644786,00

15. АКТ зал ауданы 89,2 м²

50 адамға арналған

16. Асхана 44,6 м² сыйымдылығы 18 бала.

Мектеп ауласы 50м² темір қоршау, 130м² сым сеткамен қоршалған.

Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2020 – 2021 оқу жылы «Білім туралы » Қазақстан Республикасының Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 тамыздағы №340 бұйрығына және Бәйдібек аудандық білім бөлімінің 2021 жылғы 26 тамыздағы №900 бұйрығының негізінде; 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5 бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Меншік нысанына және ведомствалық бағыныстылығына қарамастан 2020 – 2021 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалды.

Оқу жылының басталуы - 2020 жылғы 1 қыркүйек болып белгіленді.

Оқу жылының ұзақтығы бірінші сыныптарда - 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасы. Оқу жылының барысындағы каникулдар: 1-11 сыныптарда : күздік каникул – 10 күн (2020 жылғы 5 – 14 қараша аралығында), қысқы – 11 күн (2020 жылғы 31 желтоқсан – 2021 жылғы 10 қаңтар аралығында), көктемгі – 12 күн (2021 жылғы 20 – 31 наурыз аралығында). 1 сыныптарда: 7 күн мерзімде (2021 жылғы 8 – 14 ақпан аралығында) қосымша каникул белгіленді. Бастауыш сыныптар ата аналарының өтініштерімен кезекші сынып бойынша 1 оқу тоқсанында оқыды. 2 оқу тоқсанына қалған сыныптар кезекші сынып бойынша білім алуды жалғастырды.

2021 – 2022 оқу жылы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5 бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 29 шілде 2021 жылғы №368 бұйрығы негізінде;

Меншік нысанына және ведомствалық бағыныстылығына қарамастан 2021 – 2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалды.

2021-2022 оқу жылының басталуы - 2021 жылғы 1 қыркүйек болып белгіленді.

Оқу жылының ұзақтығы бірінші сыныптарда - 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасы. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күніне ауыстырылды.

Оқу жылының барысындағы каникулдар: 1-11 сыныптарда : күздік каникул – 7 күн (2021 жылғы 1 – 7 қараша аралығында), қысқы – 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсан – 2022 жылғы 9 қаңтар аралығында), көктемгі – 12 күн (2022 жылғы 19 – 30 наурыз аралығында)

1 сыныптарда: 7 күн мерзімде (2022 жылғы 7– 13 ақпан аралығында) қосымша каникул белгіленді.

2022 – 2023 оқу жылы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5 бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 29 шілде 2021 жылғы №368 бұйрығы; Бәйдібек аудандық білім бөлімінің 2021 жылғы 26 тамыздағы №900 бұйрығының негізінде;

Меншік нысанына және ведомствалық бағыныстылығына қарамастан 2022 – 2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалды.

2022-2023 оқу жылының басталуы - 2022 жылғы 1 қыркүйек болып белгіленді.

Оқу жылы ішіндегі демалыс кезеңдері: 1-11 сыныптарда : күзгі демалыс – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан – 6 қараша аралығында), қысқы демалыс – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан – 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі демалыс – 9 күн (2023 жылғы 18 – 26 наурыз аралығында)

1 сыныптарда қосымша демалыс - 7 күн мерзімде (2023 жылғы 6– 12 ақпан аралығында) қосымша каникул белгіленді.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 36 оқу аптасын құрайды. Анықтама: Бір күнтізбелік жылда:

демалыс күндері-117 демалыс және мереке күндері - 75 күн оқу күндері-173
Мектептерде білім алушылар үшін демалыс күндерінің жиыны-192 күн

2-11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут. Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап Санитариялық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізіледі

Мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылады. Осы жағдайда сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктірілуі қажет. Бұл ретте қосымша сағаттар бөлінбейді. Сабақтардың кіріктірілген тақырыбы журналдың бір жолына жазылады. Білім беру ұйымы басшысының бұйрығы негізінде бұл өзгерістер электрондық журналда көрсетіледі.